

**Қазақстан Республикасы ішкі істер министрлігі  
М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты**

**С.Ә.Төлеев, Б.Ш.Айметов, Қ.Ерланұлы**

**Қазақстан Республикасы ішкі істер  
органдары жүйесіндегі арнайы техника**

**(Оқу құралы)**

**Ақтөбе, 2016**

**ӘОЖ 351/354**  
**КБЖ 67.401.213**  
**Т 65**

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми кеңесінде басып шығаруға ұсынылды

**Пікір жазғандар:**

1. **С.Татаров** – Ақтөбе облыстық ІІД ҚЖБ бастығы, полиция майоры
2. **Р.Медиев** – ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, з.ғ.к., Ph.D, полиция майоры

**С.Ә.Төлеев**

Т 65 Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі арнайы техника: оқу құралы/С.Ә.Төлеев, Б.Ш.Айметов, Қ.Ерланұлы. - Ақтөбе: Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атын. Ақтөбе заң институты, 2016. – 84 б.

ISBN 978-601-7883-03-4

Бұл «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі арнайы техника» оқу құралы курсанттардың білімін кеңейту және тереңдету, арнайы іскерлігін жетілдіру мақсатында құрылған. Онда жалпы бөлімдегі қолданылатын техникалық құралдардың мәні, басқарылуы, тактико-техникалық мәліметтері қарастырылған.

Сол себепті «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі арнайы техника» оқу құралын жоғары оқу орындары оқытушылары мен курсанттарға, және де құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлеріне ұсынуға болады.

**ӘОЖ 351/354**  
**КБЖ 67.401.213**

**ISBN 978-601-7883-03-4**

© Төлеев С.Ә., Айметов Б.Ш., Ерланұлы Қ., 2016  
© ҚР ІІМ М.Бөкенбаев атын. АЗИ, 2016

**М А З М Ұ Н Ы:**

Кіріспе.....	4
1. Байланыс құралдары.....	6
2. Дабыл қағу құралдары.....	23
3. Дыбыс күшейту құралдары.....	28
4. Жедел-қызметтік көліктер.....	32
5. Жедел басқарма орталығы мен кезекші бөлімдердегі қолданылатын арнайы техникалық құралдар.....	40
6. Жол қозғалысын реттейтін арнайы техникалық құралдар.....	53
7. Қорғаудың арнайы құралдары.....	61
Қорытынды.....	82
Пайдаланылған әдебиеттер.....	83

Заңдылық пен заң талаптарың бекіту Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарының жұмыстарын жақсартумен тікелей байланысты. ҚР ІІО негізгі міндеттерінің бірі қылмыстың алдын алу және ашу болып табылса, сол ІІО қызметкерлерінің білім деңгейлерін көтеру арқылы қойылған міндеттерді іс жүзінде орындауға жол ашылады.

Қылмыстық әрекеттерге қарсы күрестің тиімділігін артыру үшін жаңа дәуірдің ғылыми техникалық жетістіктерін ІІО қызметінде қолданысқа шығарғанда ғана өз тиімділігін береді. Себебі, қылмыскерлердің қолында ең жылдам автокөліктер, байланыс құралдарымен басқада арнайы техникалық құралдардың жетілген түрлері бар. Олар бұл арнайы техникалық құралдарды ІІО қызметіне қарсы қолданып қана қоймай жазығы жоқ азаматтарға жәбір көрсетіп олардың құқықтарын бұзуға бағыттауда. Сондықтан ҚР ІІО қызметкерлері арнайы техниканы үнемі жетілдіруі, оны қолдану тиімділігін арттыруы және оның қызметтерін жабдықтауды жақсартуы қажет.

ҚР ІІМ үнемі қызметтердің техникалық жабдықталуына үлкен қамқорлық жасауды көрсетеді, мұнда қылмысқа қарсы ойдағыдай күрестің маңызды жағдайын ғана көріп қоймай, қызметкерлердің еңбегін жеңілдететін сенімді техника, ғылымның алдыңғы жетістіктері деп, санайды.

Қазіргі кезде тергеушілер мен жедел қызметкерлерде қиын техникалық комплекстер бар. Техникалық құралдарды тиімді және білікті пайдалану тек қана мынадай жағдайларда мүмкін, егер де тергеуші мен жедел қызметкер олардың нақты түрлерін, бұл құралдардың әрбір түрлерінің техникалық және тактикалық мүмкіндігін, жедел-ізвестіру шараларының ұйымдастырылуы мен орындау тактикасын білгенде ғана, және мынадай жағдайда, техникалық құралдарды қолдану мен оның көмегімен алынған нәтижелерді пайдалану тек заң талаптары мен ведомстволық нормативтік актілерге сәйкес келгенде ғана қатаң жүзеге асырылады. Қазіргі кезде біздің елімізде ғылым мен техниканың ролі ІІО қызметінің барлық салаларында артып отыр. Бұл органдардың озық тәжірибесі ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін пайдалану арқылы, тұтас көлемде, жедел және жоғары сапалық деңгейде заңға және тиісті заң актілеріне негізделген қылмысқа қарсы күрес жүргізу шараларын жүргізуді көрсетіп отыр.

Сонымен қатар арнайы техниканы қолдану заң талаптарын қатаң сақтағанда ғана жүргізілуі тиіс. Бұл дегеніміз, заңдылықты қатаң сақтау талабы жедел-ізвестіру шараларын, тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде, әкімшілік шараларды қабылдауда арнайы техниканы қолданудың барлық түрлеріне толық және шектелмеген түрде таралады. Бұл қолдану тек толық және жан-жақты рәсімделген кезде ғана мүмкін.

Құқық қорғау органдары күштерін жедел басқарудың негізгі құралдары болып байланыстың құралдары мен жүйесін пайдалану болып табылады. Бұл оқулықта байланыс құралдарының түсінігі, түрлері, тактико-техникалық мәліметтері көрсетілген.

Өрт,күзет және дабыл құралдары мемлекеттік және коммерциялық объектілерде, сонымен қатар адамдардың тұрғылықты жерінде қолданылады.

Жалпы оқу құралында күзет дабылының мағынасы, негізгі құрылғылары, түрлері, негізгі элементтері қарастырылады, курсанттар дабыл құралдарының объектілерде қондырылу ережелерімен, күзет объектілерін тапсыру тәртібімен, сонымен қатар күзет объектілерінде дабыл түсу кезінде ПО қызметкерлерінің әрекетімен таныстырылады.

ПО сөзді күшейту құралдарының мақсаты, олардың түрлері, негізгі құрылымдары кеңінен талқыланған және де ПО жедел қызмет көліктерінің мәні, мағынасы, түрлері толық қарастырылған. Құқық қорғау органдарының алдында тұрған мақсаттарды ойдағыдай шешуде криминалистикалық және жедел техникалармен қатар, арнайы жедел-қызметтік транспорт маңызды роль атқарады. Көптеген бөлімшелердің қызметтері жедел-қызметтік транспортты қолданумен тікелей байланысты. Оның болуы мен техникалық жағдайы, және де жеке құрамның дайындық деңгейі қылмыспен күресте және қоғамдық тәртіпті күзетуде оның табысты болуына байланысты болып келеді. Енді жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдарға тоқталатын болсақ, ол да өзінің қажеттілігімен маңызды, себебі жанағы айтылған көліктерді қолдану үшін жол қызметін реттейтін арнайы техникалық құралдардың атқаратын ролі өте жоғары.

ПО Жедел басқарма орталығының негізгі атқаратын мақсаты ол азаматтардың құқықтарын қорғау деп айтқанбыз, ол үшін көптеген ұйымдастыру техникалық сұрақтарын шешуді қажет етеді. Бұл бағытта ең бастысы ол полиция қызметкерлерін қылмыстық оқиға болатын немесе болған жерге тез арада жеткізіп ауыр қылмыстың алдын алуға жағдай туғызады. Мұнда Жедел басқарма орталығының құрылымы, әр аймақтың жұмыс тәртібі толығымен қарастырылған, сондай-ақ курсанттар ПО кезекші бөлімдердегі қолданылатын арнайы техникалық құралдардың түрлерімен танысады.

Қорғандың арнайы құралдарын «Ішкі істер органдары туралы» Заңдар мен арнайы құралдарды құқық қорғау органдары мен ішкі әскерлердің қолдану тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді оқытудан бастауды ұсынады.

Осы оқулықта қорғаудың белсенді құралын қолдануға дайындық пен рұқсат алу тәртібіне, белсенді қорғау құралын дайындау және қолдану процесінің құжаттық рәсімделуіне, пайдалану туралы тіркеуі және есеп беруге, техникалық қауіпсіздік ережесіне көңіл аударған жөн.

## **1. Байланыс құралдары**

Ішкі істер органдары өздеріне қойылған негізгі міндет қылмысқа қарсы күресте және еліміздегі құқықтық тәртіпті бекітуде, бар күшін қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыстың алдын алу және қылмысты ашу жұмыстарын жетілдіруге және тиімділігін асыруға бағыттаған. Қылмысқа қарсы күресте және қоғамдық тәртіпті сақтауда ішкі істер органдарының жұмыстарының тиімділігі, дер кезінде керекті хабар алу және соның негізінен басшылардың қабылдаған шешімін бағынышты орындаушыларға тез жеткізуге байланысты. Байланыстың негізгі міндеті бағынышты орындаушыларға үзіліссіз басшылық етуді қамтамасыздандыру мақсатында жедел жағдайдың барлық кезінде айқынды үзіліссіз хабар жеткізу болып табылады. Үзілген байланыс, басшылық жасауға кедергі жасайды.

Үзіліссіз байланыс ішкі істер органдары басшыларына (кезекші бөлім, басқа сала басшыларына) келесі мүмкіндіктерді тудырады:

- бағынышты бөлімдер мен орындаушыларға үзіліссіз басшылық етеді.

- жоғары жақтағы басшыларға, кезекші бөлімге, бағынышты және қарым-қатынастағы органдармен олардың бөлімшелеріне, дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыс туралы, өрт және қауіпті табиғи құбылыс пен жеделдік және әкімшілік-шаруашылық сипаттамалы хабарлар мен хабарламаларды тезінен жеткізу.

Ішкі істер органдарында байланысты ұйымдастыру және онымен қамтамасыз ету үшін байланыстың келесі түрлері қолданады:

- радиобайланыс;
- радиорелелік байланыс;
- сымды байланыс;
- ұялы байланыс;
- транк жүйелі байланыс;
- пейджерлік байланыс;
- жекешелеп шақыру және жалпылай хабар беру.

Ішкі істер органдары өзіндік байланыс құралдарымен қатар, басқа мекемелерге тиесілі байланыс құралдарымен жұмыс істеулеріне құқығы бар (телекоммуникация және көлік министрлігі, жол торабының министрлігі).

Өзіндік байланыс құралдарына жататындар:

- радиобайланыс;
- радиорелелік байланыс;
- сымды байланыс;
- ұялы байланыс;
- транк жүйелі байланыс;
- пейджерлік байланыс;
- мекемелік автоматтандырылған телефон станциясы;
- телеграф байланыс станциясы;
- факсимильдік байланыс;
- телевизорлық және телекодты байланыс;
- жедел байланыс пульттары мен станциялары.

Өзіндік байланыс құралдарымен басқа мекемелердің байланыс құралдары бірігіп ішкі істер органдарының байланыс жүйесін құрайды.

Ішкі істер органдарының байланыс жүйесі, бағынышты органдармен бөлімдеріне үзіліссіз басшылық етуді қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады да олар келесі талаптарға сай жұмыс істейді. Ішкі істер органдары пайдаланатын байланыс құралдарына келесі талаптар қойылады: уақтылығы, сенімділік, анықтылық, өткізгіштік қабілеті, құпиялылығы.

Уақыттылық. Байланыстың уақыттылығы деп, оның жедел жағдайға байланысты керек хабарды дер кезінде жіберу (қабылдау) қабілетін айтады. Байланыстың уақыттылығы келесі жағдайлармен қамтамасыз етіледі:

- байланыс құралдары мен жүйесінің қолдануға әрдайым дайын тұруы;
- байланысты ұйымдастырудың амалдарын дұрыс табу;
- жедел хабарламаларының дәрежесіне сәйкес хабарды дер кезінде жіберу (қабылдау);
- байланыс мамандарының жоғары дәрежедегі техникалық дайындығы;
- ішкі істер органдарының байланысты қолдану құқығын бұлжытпай орындауы;
- байланыс құралдарын пайдаланудың ереже тәртібін сақтау.

Сенімділік. Жедел жағдайдың қай уақытында болса да ішкі істер органдары қызметіне үзіліссіз басқарушылық етуді қамтамасыз ету.

Оған мына жағдайларда жетуге болады:

- ішкі істер органдарының күштері мен құралдарына басшылық ету жүйесінің талабына сай байланыс құралдарын пайдалану;
- резервтік құралдардың, айналмалы және резервтік байланыс арнасының болуы;
- радио және радиорелелік байланысты радиокедергілерден сақтау жұмыстарын жүргізу;
- байланыс құралдарын олардың міндеттері мен талаптарына сай пайдалану.

Анықтамалық. Берілген хабарларды қабылдау пункттерінде дыбысты жаңғыртудың дәлдік дәрежесі. Ол мынадай жағдайларда қамтамасыз етіледі:

- арналар мен байланыс құралдарының бекітілген пайдаланулық мөлшерінің техникалық және электрлік параметрлерін тұрақты ұстау;
- байланыс құралдарымен жұмыс істейтін адамдардың жоғарғы іс-тәжірибелік дағдылары;
- маңызды хабарды бірнеше өзара байланысы жоқ арналармен бір мезгілде жіберу;

Өткізгіштік қабілет. Байланыстың белгілі хабар тасқының уақытылы жіберу мүмкіншілігі.

Керекті өткізгіштік қабілеті мына жағдайларда ғана болады:

- байланыс арналармен құралдарын әсерлі пайдаланғанда;
- байланыс торабында хабарлардың өту және оларды өңдеу уақыттарын қысқартқанда;
- ішкі істер органдарындағы лауазымды адамдар беретін хабарлардың белгілі көлемін сақтағанда.

Құпиялылығы. Байланыс құралдары мен жіберетін хабарларға, байланыс ұйымдастыру сұлбасына рұқсатсыз қол сұғуға тиым салу мүмкіндігі.

Құпиялыққа мынадай жағдайларда жетеді:

- байланысты ұйымдастыру амалдары мен құралдарын, құпиялылық талабына сай пайдалану;
- ішкі істер органдары қызметкерлерінің байланыстың ашық арнасымен сөйлесу тәртібін қатаң сақтауында;
- сөздерді бүркемелеу құралдарын пайдалану;
- ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын жасырын басқару құжаттарын қолдануды жеке құрамның білуі, байланыстың ереже тәртібін сақтау;
- радио және радиотехникалық бақылау мен байланыс құралдарына рұқсатсыз қол сұғуға тиым салу жұмыстарын жүргізуде;
- ашық арнамен хабар беру тәртібін қатаң сақтауда;
- жедел байланыс құралдарының тұрған жерін бүркемелеу.
- шет елдердің техникалық барлау жұмыстарына қарсы, шекті шама техникалық құжаттар талабына сай бөлігінен бөлімдерде сақтық – қорғаныс жұмыстарын жүргізу.

#### Радиобайланыс

Жедел жағдайдың күрт қиындауына байланысты және табиғи апаттардың іздерін қалыпқа келтіру жұмыстарын атқаруда, ішкі істер органдарына басшылық етуді қамтамасыз ететін, жылжымалы объектілермен байланыс құратын негізгі байланыс түрі болып, радиобайланыс табылады.

Радиобайланыстың негізгі ерекшелігі оның өте жоғары жылдамдығы мен ықшамдығы, яғни басқа радиокұрылымдардың жұмысына кедергі болмай, радиобайланыс құрылымның қатарына өзгерістер енгізуге болады.

Радиобайланысты пайдаланып өте қысқа уақытта керек уақытта, керек жерде, керек жедел күштер мен құралдарды жинақтауға болады.

Радиобайланыс негізгі кемшіліктеріне тоқталар болсақ, олардың саласымен тұрақтылығының қабылдау пунктіндегі радиокедергілерге байланыстылығы, өте төмен өткізгіштік қабілеті. Берілген хабарларды бөтенқұралдар арқылы қабылдап, тыңдауға болатындығы.

Қылмысқа қарсы күресте және қоғамдық тәртіпті сақтауда ішкі істер органдары пайдаланатын радиобайланыс құралдарының көмегімен осы жұмыстар өте әсерлі болады, егер радиобайланысты нақты дұрыс ұйымдастырса. Радиобайланыс құралдарын оқып үйренуден бұрын, олардың жұмысының физикалық және техникалық негіздерімен, ұйымдастыру амалдарымен ежелерімен танысулары керек.

Бәрінен бұрын метрлік ұзындықтағы радиотолқындардың өте жоғары жиілік (СВЧ) – ауқымында тарау қасиетіне назар аудару керек, себебі ішкі істер органдарында көбіне осы радиотолқындар қолданылады. Өте жоғары жиіліктегі ауқымда радиотолқындар жер бетімен және аз қашықтықта тарайды. Жер бетімен тарайтын радиотолқындар тарау сипаттамалары жарық сәулелеріне жақындау. Радиотолқындардың тарау шегі тікелей көрініске байланысты. Сонымен қатар жер бетімен тарайтын толқындар жолындағы шамалы кедергілерді айналып өтетін олардан шағылысатын және оларға (кедергілерге) сіңетін қасиеттері бар.



Осыған байланысты жер бетімен тарайтын радиотолқындар, әсіресе өте жоғарғы жиіліктегі ауқымдағы радиотолқындар тарауы, көп құрылысты аймақтарда, белесі көп жерлерде қиындау болады, олардың тарауы, қабылдау қасиеттерін, үлкен қала арасында патрульдік көліктермен байланысты қамтамасыз етуді есептеу өзгешеліктері бар.

Қолданатын ауқымға байланыссыз, бірақ жедел жағдайды, ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын ескере отырып радиобайланыстың жұмыс желісі ұйымдастырылады.

Радиобайланыс желісі. Техникалық құралдар ретінде радиостанциялар, қайта таратқыш (ретрансляторы), пульттік құрамдармен байланыс жолын, олардың алыстағы желіні радиобайланыс желісі деп атайды.

Ішкі істер органдарында негізінен “радиалдық” және “тізбектілік” радио желісі құрылады.

«Радиалдық желі» деп, бір жиіліктегі біржақты арна радиобайланысын айтады, бұл жағдайда екі корреспонденттер арасында байланыс кезек болады, яғни біреуі хабар бергенде екіншісі тек тыңдайды, біріншісі хабар беруін тоқтатқанда ғана екіншісі хабар беруіне болады, бұл жағдайда тек қана бірінші тыңдайды.

«Тізбектілік» радиожелінің мысалы ретінде қайта таратқыш (ретранслятор) немесе радиорелелік байланысты айтуға болады.

ІМ-і жұмысының әр саласына байланысты өз алдына жеке радио желілер ұйымдастырылады, олардың корреспонденттерінің саны 25-30-дан аспайды. Әр радиожелі құрамындағы бір радиостанция операторының айтқанын басқа бағынышты радиостанциялар дәл және тезінен бұлжытпай орындаулары керек.

Екі пункттің арасындағы радиобайланыс тікелей болады немесе арадағы қосымша радиостанциялар арқылы немесе қайта таратқыш (ретранслятор) арқылы болады.

ІМ-і органдарының күнделікті жұмыстары үшін, тұрақты радиожелі ұйымдастырылады.

Ішкі істер әскерлері мен ішкі істер органдары бөлімдерінің арасында, керек кезде қолданылатын өзара радиобайланыс желісі құрылады. Кей жағдайда радиостанциялардың саны аз кезде, бұл бөлімдердің өзара қатынастарын қамтамасыз ететін өз алдына радиожелі құрылмайды, ондай жағдайда тұрақты радиожеліге төтеннен кіру арқылы байланыс жасалады.

Жедел іздестіру шараларын, тергеу жұмыстарын жүргізуде және кейбір қоғамдық тәртіп сақтау шараларын жүргізуде, сол жұмыстарды ұйымдастыруда уақытша радиожелілер құрылады.

Уақытша радиожелілер өз беттерінше жұмыс істеулерімен қатар тұрақты радиожелілерменде қарым-қатынаста жұмыс істейді.

Әр радиожелілерге өз радиомәліметтері бөлінеді. Оларға:

- радиожелілер мен олардың корреспонденттерінің кезекті номерлері;
- радиостанция дабылы (позывной) (дабыл теру индексі);
- жұмысшы және қосымша иеліктер;

- қолданатын құралдардың түрлері мен қуаты және олардың орнатылған орны;

Тиістілігіне және жұмыс істейтін уақыт мерзіміне байланыссыз, әр радиожелі құрамына радиостанцияның тасымалдаушы, мобильді және тұрақты түрлері жатады.

Тұрақты радиостанциялар кезекші бөлімшелерде, жол полициясының бекеттерінде орнатылады. Бұл радиостанциялар көбіне негізгі болып саналады.

Мобильдік радиостанциялар ішкі істер органдары көліктерінде орнатылады, олар көбінесе бағынышты болып келеді, кейде жеке бір іздестіру шараларын жүргізгенде олар негізгі радиостанцияның рөлін атқарады.

Тасымалдаушы радиостанция жоғарыда келтірілген түрлерге қарағанда ерекшелігі аз салмағы мен кіші көлеміне байланысты. Оларды тасымалдау және олармен жұмысты бір оператор атқара береді.



Сурет -1



Сурет -2



Сурет -3

(бұл суретте 1. тасымалданатын; 2. мобильдік; 3. стационарлық, радиостанциялар бейнеленген)

ПО байланысты байланыс құралдарын үш топқа бөлеміз:

1. Қысқа толқынды немесе ультра қысқа толқынды радиобайланыс құралдары (стационарлық, мобильдік, тасымалдаушы радиостанция).

2. Сым арқылы байланыс құралдары. (телефондық аппарат, коммутаторлар, станциялар, телеграфтық аппараттар, фототелеграфтар, факстар, бейне телевизорлық өндірістік құрылғылар, сонымен қатар компьютерлік желілер).

3. Желілік байланыс құралдары (радио релелік байланыс желісі («Алтай» байланыс жүйесі).

Радио құрылғылар арқылы ПО қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіппен қамтамасыз ету үшін радио байланыстың жұмысын дұрыс ұйымдастыру керек. ПО радио байланысты ұйымдастыру үшін қалаларда, ауылдық жерлерде, авто жолдарда ультра қысқа толқынды радио станцияларды (30\*60 км ара қашықтық) қолдану керек. Қысқа толқынды радио станцияларды үлкен ара қашықтықта қолданады. (60\*120\*200\*600\*2000 км және одан да жоғары)

ПО қолданылатын радио станциялар ҚР ПМ арнайы нормативтік актісі арқылы қарастырылған және ҚР ҰҚК тіркеуде тұрады. Радио байланыс радио бағыттаушының жұмысын ұйымдастырады, екі радиостанцияның тікелей байланысын қамтамасыз етеді. Үш немесе одан да көп радиостанциялардың (100 – ден артық емес) радио байланысын радио желілер арқылы ұйымдастырады, бірақ бір радиостанция бастапқы болады. Оның операторы барлық радиостанцияларды басқарады.

ПМ, ПД, ҚІБ, Көліктегі ПД, Желілік ІБ радио желілері кесте арқылы тіркеліп, құрылады:

- ПТҚ арналған радио желі (стационарлық, мобилдік, тасымалдаушы);
- Күзет қызметінің радио желісі;
- Жол полициясының радио желісі;
- Криминалдық полиция аппаратының радио желісі;
- ПМ, ПД, ҚІБ, Көліктегі ПД, Желілік ІБ кезекші бөлімдерінің

байланысына арналған радио желі.

Радио желілерден алыс жатқан аудандық ПО кезекші бөлімдерінің байланысы арнайы радио желілер арқылы құрылған. Бұндай радио станцияларға барлық қызметтік орындар жалғанады.

Темір жол бойында көлік полицияларының басшыларына арналған арнайы радио желілер құрылған.

Әрбір бөлімдердің белгілері болады. Мысалы, қала, көл, өзен, тау аттары, екі және үш бөліктегі цифрдан тұрады (00 ден 999). Радио желілермен жұмыс жасау үшін тек қана ҰҚК рұқсаты болуы керек. Егерде ҰҚК радио желілер тіркелмеген болса, онда онымен жұмыс жасауға болмайды.

ПО радио байланыс құралы және оны ұйымдастыру.

Радио алмасудың ережесі ҚР ПМ бұйрықтары мен инструкциялары арқылы жүзеге асады.

Негізгі құрылымдары:

1. Жедел-іздістіру шараларының нәтижелерін, ПО байланысты фамилиялары, шендері мен лауазымдары жасырын түрде болуы керек. (Осы айтылған мәселелер код арқылы болуы керек).

2. Қызметтік тұрғыдағы айтылған әңгімелер жасырын түрде болуы керек.

3. Негізгі радиостанция желісі арқылы радио алмасу және олардың жұмысын тоқтату жүзеге асады.

4. Байланыс каналдарының бос екендігін және радио алмасу мүмкіншілігін радио оператор ғана тексеру керек.

Радио алмасу тәртібі:

Радио оператор байланыс каналдарының бос екендігін тексергеннен кейін, сигнал береді, содан кейін тангент батырмасын басады да, бір-біріне жалғайды. Мысалы: «Ертіс мен Ангара, қалай естіліп тұр – қабылдау».

Оператор радиостанциясы арқылы өзінің белгісін(позывной) естігеннен кейін «Ангара, мен Ертіс, мен сізді нақты естіп тұрмын, қабылдау» деп жауап беруі керек.

Содан кейін корреспонденттер ақпараттарын алмастырады. Алмастырғаннан кейін олар бір-бірімен байланыс жақсы естіліп тұрғандығын түсіну керек. Корреспондентке ақпараттың мәтіні түсінікті болу үшін келесі амалдарды орындаймыз:

1. Қабылдау мүмкіншілігіне байланысты жылдамдықпен ақпарат жіберу керек.

2. Мәтін жіберген кезде әрбір әріп, сан, сөздері нақты түсінікті болуы керек.

3. Микрофонға толық дауыспен айту керек. (Айқайламау керек)

4. Егерде естілмеген жағдайда, әрбір сөзді, санды, әріпті бөліп айту керек. (Т-Тимофей, А-Арын т.с.с.), латынның әріптері W, V, G – латынша айтылу керек.

Радиорелелік байланыс. Радиорелелік байланыс желісі деп, құрамына радиорелелік станциялар, радиорелелік байланыс арнасы байланыс тізбегі, сымды және радиобайланыс құралдары кіретін желіні айтады.

Ішкі істер органдарының өзара және бағынышты бөлімшелерімен аралық байланыс жасауда өткізгіштік қабілетінің аздығына байланысты, және радиоқұралдарды алыстан басқару мен автоматтандырылған телефон станцияларының өзара қарым қатынастарын қамтамасыз етуде радиорелелік байланыс желісі қолданылады.

Радиорелелік байланыс өзара жеке немесе орта аралық радиорелелік станциялар көмегімен жасалады.

Орта аралық радиорелелік станциялар (РРС) екі шекті радиорелелік станциялардың арасындағы байланыс, жер бетінің біртегіс еместігіне байланысты, нашар болғандықтан, сонымен қатар жеке арна бөлу қажеттігіне байланысты пайдаланылады.

Сым арқылы байланыс жүйесі.

ПО алдына қойған мақсаты ұйымдастырылған жедел-қызметтік байланыс арқылы жұмыс жасау. Сым арқылы байланыс құралдары ПО қызметтік дара абоненттерді жалғау үшін қамтамасыз етеді. Жедел сым арқылы байланыс бірінші кезекте ПО бастықпен кезекші бөлімдердің байланысын ұйымдастырады. Осы мақсатта ПО әр түрлі қызметтерінде қолданылады. Бұндай байланыстың ерекшелігі барлық абонент бір уақытта жалғанады, оны циркулярлық байланыс деп атайды. Мысалы: Селекторлық жиналыс өткізген уақытта. Ол үшін ПО коммутаторлар мен жедел байланыс станциялары қондырылады.

Сым арқылы байланыстың негізгі мінездемелері:

1. Төменгі жиілікті (300 Гц – 3500 Гц) – телефондық байланыс.

2. Жоғарғы жиілікті (30000 Гц – тен жоғары) – телефондық байланыс.

Қалааралық, аудандық жедел және қызметтік телефон байланысы төменгі жиілікті аппаратуралар арқылы жұмыс жасайды. Халықаралық телефондық байланыс төменгі және жоғарғы жиіліктің көмегімен жұмыс жасайды.

ІМ байланыс желісі «Қазтелеком» ААҚ арқылы жұмыс жасайды.

Жоғарғы жиілікті телефон байланыс желісі ҰҚК бақылауында болады, ТМД мемлекеттерінің ІІМ министрлерімен, ІІД бастықтарымен байланысу үшін қолданылады.

ПО телефондық байланыстан басқа телеграфтық және фототелеграфтық байланыстарды жиі қолданады, оны факсимильды байланыс деп атаймыз. Облыстардың, қалалардың ПО АТБ телеграфтық факсимильды байланысты кезекші бөлімдерге қондырады. (телеграф Т – 63 (телетайп)) Бұлардың әрқайсысына белгілі нөмір береді. Телеграфтық байланыс екі бөлікке бөлінеді:

1. Ашық.
2. Құпия түрінде (шифрограммалар, криптограммалар).



Сурет-1. Телеграф



Сурет-2. Телетайп

Факсимильды байланысты құжаттар мен графикалық объектілерді көшіру үшін қолданамыз.

ПО қолданылатын радиостанциялар:

1. «Виола» (М); (Н).
2. «Маяк».
3. «Пальма».
4. «Моторола».
5. «Олинка».
6. «Стандарт».
7. «Лен».


Факсимильды байланыстың аппаратуралары:

1. «Нева».
2. «Березка».
3. «Штрих».
4. «Паллада».
5. «Формат» (Д); (ПС); (ПА).

Ұялы байланыс – деп қазіргі кездегі радиотелефон байланысының соңғы технологиялық жетістіктерін айтады. Оның ерекшелігі мынада, еліміздің бүкіл территориясы әрбір жүз ұяға бөлінеді. Әр ұяның ортасында қабылдау-тарату комплексті базалық станция орнатылған, олар осы ұяның ішіндегі барлық радиотелефондардың өзара байланысын қамтамасыз етеді.

Барлық базалық станциялар ұялы коммутатормен жалғастырылған, ол өте қуатты телекоммуникациялық компьютер болып табылады. Ұялы коммутатор әр абонентке мынадай қызмет жасай алады:

- қалалық телефон желісімен байланысу;
- қалааралық және халықаралық байланыс жүйесімен байланысу;
- басқа ұялы телефон желісінің абоненттерінің өзара байланысын қамтамасыз ету;



Сурет-1. Қабылдау-тарату кешені

Транкті жүйелі байланыс ПО-ы жұмысын ұйымдастыруда байланыс құралдары және хабар беруді қамтамасыз етуде ең негізгі орын алады. Бүгінгі күні бұның бірнеше шешімі бар. Байланыс құралдары облысында ұсыныстар олардың құрамының күрделілігіне және қолданатын жиілік ауқымына байланысты.

- Ультра қысқа толқынды ауқымдағы қайта таратқышты пайдаланатын және транксыз байланыс;
- Транкты және лақап транкті жүйелер (телефон жүйесіне қосылған) ;
- Жекешеленген радиошақыру жүйесі (пейджерлік жүйе)
- Ұялы радиотелефондар жүйесі;

Транктік радиотелефон жүйесі, өзіне радио және телефон байланысының арақашықтықтарын қоса отырып, көп абонентті жедел байланыс амалын ұсынады.

Транктік байланыс жүйесінің абоненті өзі қарамағына тасымалдаушы немесе автомобильді радиостанциясын алады, оның сыртқы түрі радиотелефонға ұқсайды. Осы уақыттан бастап қолданушы телефон арқылы сөйлесуге немесе радиоарнамен басқа абоненттермен хабар алмастыруына мүмкіндік алады.

Транк байланыс жүйесінің мүмкіндіктері:

- жақын қашықтарда радиоабоненттер өзара тікелей байланыс жасайды;
- үлкен қашықтарда радиоабоненттер байланысы базалық транк аспаптарымен қамтамасыз етеді;

- жүйенің бір абоненті бір мезгілде бір абоненттермен байланыс жасауға мүмкіндік болады;

- транк жүйесінде компьютерлерді сымсыз жалғауға болады.

Қазіргі кезде транк жүйесінің негізгі үш түрі бар:

1. «Псевдотранктік» – олардың негізгі сапасы қарапайымдылығы, арзандығы, байланыстың шектелген аумағы. Бұлардың ішінде көп тарағаны Smar-Trank II жүйесі компания (Selektone). Олардың жұмыс аумағының радиусы 30-50 км.

2. «Аналоктық» аймақтық және аймақаралық біріктіру мүмкіншілігі бар, телефон және ұялы желілермен сәйкестелген. Көп тараған түрі МРТ 1327.

3. «Цифрлық» жаңа технологияны қолданған, бірақ өте қымбат. Ericsson және Motorola фирмалары шығарады.

Пейджерлік байланыс жүйесі. Пейджерлік байланыс жүйесі шектелген аймақта, жеделдік байланыс (радиотелефон) экономикалық жағынан тиімсіз болғанда қолдануға өте қолайлы және тиімді. Жоғарғы экономикалық және жеделдік тиімділігі, бір бағытта (бір жақты) тар жолақты арна арқылы екілік сигнал жіберу және уақыт бойынша жіберетін сигналды тығыздау арқылы жетілдіреді.

Қазіргі кезге дейін пейджерлердің 4 түрі ауысты. Бірінші пейджерлер тек әр үнді дыбыстар ғана шығаратын, әр үннің өзіне тәнті хабар ұғымы болған. Бұл пейджерлер үнді пейджерлер деп аталған.

Келесі пейджерлер «цифрлы» деп аталады. Олар цифрлардан және 5 арнайы символдан тұратын хабарларды қабылдауға мүмкіндігі болды. Бес арнайы символдар мыналардан: бос орын (пробел), сызықша (дефис), екі тік бұрышты жақша және U (тездік символы) тұрады. Олардың көмегімен телефондар нөмірін, құжаттар кодын береді. Олар хабарды қабылдау кейін қолданушыға (пейджер иесіне) дыбыспен немесе тербеліспен хабар қабылдағаны туралы хабар береді.

Пейджерлердің үшінші ұрпағы «тексті» деп атайды, олардың ерекшеліктері ой (память) көлемінің, орындайтын жұмыстарының функциялары мен дисплей экранының бетіне шығатын жазу жолдары және белгілер санының көптігі. Әріпті цифрлі пейджерлер берілген хабарды толық текстік ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Пейджерлердің соңғы ұрпағы “компьютерлік пейджерлер” деп аталады. Олардың ой көлемі 32 Кбайт, 6 адресі бар, бұл Motorola News Stream компьютерлік пейджерлерге тәнті.

Пейджерлік байланыс жүйесін сервис деңгейіне байланысты мынандай 2 түрге бөлуге болады:

- диспетчер арқылы абонентке шақыру жіберетін қарапайым жүйелі;

- автоматтандырылған жүйелі;

Қарапайым жүйеде абонентті шақыру және хабар беру мына кезекте орындалады: абоненттен хабар АТС телефон тізбегі арқылы қабылданып хабар абонентке диспетчер арқылы беріледі. Қозғалыста жүрген абонент диспетчерден хабарды дұрыс үні түрінде және кодталған хабарды цифр түрінде алады. (бұйрықтар, талаптар нөмірі).

Бұл жүйе тез және сенімді, бір жақты хабар алуды қамтамасыз етеді.

Автоматтандырылған жүйеде абонентке хабар кез-келген АТС телефон тізбегінен беріле береді.

Қызмет аумағының мөлшеріне байланысты аймақтық (өте үлкен ауқымды) және төңіректік пейджер жүйесі (жергілікті) болып бөлінеді.

Төңіректік пейджер жүйесі абонентті іздеп табуды және оған хабар беруді шағын шекті аймақта қамтамасыз етеді.

Ең маңызды орын алатыны дербес іздестіру жүйесін қолдану.

Қауіпсіздікті қамтамасыз етуде дербес радио іздестіру арқылы мыналар орындалады:

- қауіп-қатер хабарын жедел кез-келген абоненттер желісіндегі пейджер-қабылдағышқа хабарлау;

- Қауіп-қатер хабарларының кез-келген түрін (шақыру, цифрлы, тексті, сөйлемді, компьютерлі) хабарлауды қамтамасыз ету;

- 20000-ға жуық абоненттерге бір жиілікке қызмет көрсету (оны транктік, байланыс эфирде іріктелетін байланыс технологиясы ондай технологиялық қызмет көрсете алмайды);

- Берілетін хабарлардың құпиялылығын қамтамасыз ету;

- Мекемелер мен бөлімдер арасында жедел хабарлар алмастыруда, базалық станциялар арқылы, радиоарнадан, компьютерден компьютерге хабарлар жіберу.

Қорытындылай келе айтарымыз пейджерлік байланыс жүйелері, хабарламалар мен басқарушылық жетістіктерінің сапасын жақсартады да, жеткізілген хабар бойынша жасалатын іс-әрекеттің уақытын қысқартады.

Телевизиялық байқау мен бейне бақылау жүйелері өздерінің жедел техникалық сипаттамаларына сай көп материалдарды шешеді:

1. Қауіпсіздік жағынан:

- кіруге болмайтын аймақтың бүтіндігін бақылау;

- тәртіп бұзушылық іс-әрекетін анықтау;

- қылмысты анықтау;

- халықтың тыныштығын анықтау;

2. Байқау жағынан:

- жаяу адамдар мен көліктердің көше тәртібін сақтауын бақылау;

- товарлар қорын сақтауды бақылау;

- автокөліктер тұрған, сауда-саттық органдарында жүрген адамдардың іс-әрекеттерін бақылау.

Осы жағдайларда қолданылатын телевизиялық байқау мен бақылау жүйелері өзінің мүмкіндіктеріне байланысты мынандай міндеттер атқарады:

- Қылмыстық іс- әрекеттерді, сонымен қатар көше тәртібімен әлеуметтік басбұзарлық мінезділерді байқау және тіркеу;

- Жеке бастық жауапкершілік міндеттерін ескеру;

- Кікілжің жағдайлардың мән жайын тергеуде көмек көрсету.

Телевизиялық байланыс жүйесінің кемшіліктері:

- жұмыс істейтін қашықтығы шектелген (5-10 км);



- көзбен көретін хабарламалардың сапасы осы объектіге түскен жарық сәуле мөлшеріне байланыстылығы;

- Телевизиондылық байланыстың жақсы жұмыс істеу үшін жақсы мамандардың керектігі және бұл жүйенің құнының қымбаттығы.

Қазіргі кезде ішкі істер органдарында ПТУ-75, ПТУ-77, Лотос, телевизиялық жүйе КЛ-1 қолданылады.



Электрондық байланыс E – MAIL. Желі бойынша почталық хабарларды қабылдауды және жіберуді ұйымдастыруға арналған WINDOWS – тың бағдарламаларының бірі INTERNET MAIL.

Желі арқылы хабарларды осындай алмастыру жүйесін электрондық байланыс деп атаймыз.

Электрондық байланыс қарапайым байланыстың жұмысына ұқсас.

Мысалы: Адрес: aminov @ akt. nursat. kz

Aminov – кімге.

@ - электрондық байланыстың белгісі.

akt. – қала.

Nursat – байланыстың аты.

Kz – елі.

Электрондық байланысты іске қосу үшін жұмыс столындағы Outlook Express батырмасын екі рет шертеміз. Бағдарлама іске қосылғаннан кейін экранға кіру(входящие) бумасы екіпінді болып тұрған Outlook Express терезесі ашылады. Жаңа почта алу үшін почтаны алу (доставить почту) батырмасын шертеміз. Егерде жаңа почта болмаса, онда терезенің статус қатарында жаңа хабар жоқ деген сөз шығады.

Бумалардың түрлері:

1. Кіру бумасы (входящий). Барлық алынған хабардан тұрады және оларды өшіргенше немесе басқа бумада сақтамағанша осында сақталады.

2. Өшіру бумасы (удаленный). Барлық өшірілген хабарлардан тұрады.

3. Шығу бумасы (исходящий). Жіберілген дайын хабарлардан тұрады.

4. Жіберу бумасы (отправленный). Электрондық байланыс арқылы жіберілген хабарлардың көшірмесінен тұрады.

Осы бумаларда сақталған хабарларды оқуға, баспаға жіберуге, өшіруге, басқа қолданушыларға жіберуге болады.

Жаңа хабар құру.

Жаңа хабар құру үшін саймандар тақтасында орналасқан хабар құру батырмасын шертеміз. Кімге өрісіне жіберілетін электрондық байланыстың адресін жазамыз. Көшірме өрісіне хабардың көшірмесін жіберетін электрондық байланыстың адресін жазамыз.

Тақырып өрісіне хабардың атын енгіземіз. Хабардың мәтіні құрылғаннан кейін файл – жіберу командасын орындаймыз. Байланыс арқылы жіберілген хабардың көшірмесі жіберу бумасында сақталады.

Егерде хабарды жібермей тұрып, терезені жабатын болсақ, хабар шығу бумасында сақталады.

Оқылмаған хабарлар кіріс бумасында жартылай қою түспен бейнеленеді. Ал оқылса, қарапайым түрде бейнеленеді.

Қазіргі таңда адам өміріне компьютердің еніп және тез дамуына байланысты ЖІШ өткізу кезінде де, хабар алмасу үшін де компьютерлік технологияларды, оның ішінде интернет желісін пайдалану көптеген мүмкіндіктерге жол ашты.

Электрондық пошта- желі ішінде пошта арқылы хабар және мәлімет алмасуға арналған компьютерлік бағдарлама.Электрондық поштаның ең үлкен қызмет провайдерлері (қызмет жеткізушілері):

- Yahoo!
- MSN
- Gmail

Е-пошта жіберу үшін алдымен осы қызметке тіркелу керек. Е-поштасы қолдануға оңай әрі көп жағдайда тегін. Е-пошта мекен-жайы пайдаланушы атауыңыз @ провайдер мекенжайы.егелік (мыс.: example@mysite.com) пішімінде болады. Компьютерге арналған пошта бағдарламалары көп бірақ жұмыс істеу принциптері бірдей. Поштаға кірген мезетте келген хабарлар жайында мәлімет, жіберілген хабарлар, жойылған хабарлар батырмалары тұрады. Жаңа хабарды жіберу үшін Хабар жазу батырмасын басып, жібергелі тұрған пошта мекен-жайын жазамыз. Әрі қарай тек хабарымызды жазып, жібере салуымызға болады.

Интернет телефония.

IP-телефония – интернетті немесе басқа IP-желіні нақты уақыт тәртібінде халықаралық телефондық байланыс орнату және жүргізу, факс жіберу құралы ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін технология. Интернет-телефония – IP-телефонияның, телефондық трафикті жөнелту желісінің орнына Интернет желісінің каналдарын қолданатын жеке жағдайы. IP-телефония қалай жұмыс жасайды? Сөйлесу кезінде біздің дыбыстық сигналдарымыз (біз айтқан сөздер) мәліметтердің архивтелген пакеттеріне түрлендіріледі. Бұдан соң бұл пакеттер Интернет арқылы екінші жаққа жөнелтіледі. Мәліметтер пакеті адресатқа жеткен кезде дыбыстық сигналдардың алғашқы түріне келтіріледі. Интернет-телефония сұрауларының екі негізгі түрі бар:

1. Компьютерден компьютерге;
2. Компьютерден телефонға.

Интернет-телефонияның кәдімгі телефониядан ерекшелігі неде? Кәдімгі телефондық қоңырау шалу кезінде екі абонент арасындағы байланыс телефондық станция арқылы әңгімелесу мақсатында ғана орнатылады. Дыбыстық сигналдар — арнайы бөлінген телефондық желілер арқылы жөнелтіледі. Интернет арқылы сұраулар жіберген кезде, архивтелген мәліметтер пакеті Интернет желісіне қабылдаушы адресімен келіп түседі. Мәліметтердің әрбір пакеті адресатқа жеткенге дейін түрлі бағыттар бойынша өз жолын жүріп өтеді. Ал қабылдаушы жағында мәліметтер пакеттері топтастырылып, алғашқы дыбыстық сигналдар қалпына келтіріледі. Интернет-телефония неге арзан тұрады? Қарапайым телефондық желілер үшін бекітілген телефондық желілер арқылы байланысқан телефон станцияларының тармақталған желілері, талшықты-оптикалық кабельдер жүргізу және байланыс жерсеріктіктері керек. Телефондық компаниялардың үлкен шығындары қалааралық байланыстардың қымбаттығының негізгі себебі болып табылады. Және өнімділігі жоғары желілер бір байланысқа бекітілу нәтижесінде бос тұрып қалуы мүмкін. Интернет-телефония, ішінара, бекітілген телефондық желілердің желісіне негізделеді. Бірақ ең бастысы ол біздің дыбыстық сигналдарымызды сығымдаудың ең озық технологияларын қолданады және телефондық желілердің сыйымдылығын толығымен пайдаланады. Сондықтан түрлі сұраулардың мәліметтер пакеті және олардың түрлі типтері бір уақытта бір желі бойынша жылжи алады. Жұмыс жасау принципі IP-телефонияның телефондық серверлері жұмысының жалпы қағидасы мынандай: бір жағынан, сервер телефондық желімен байланысқан және әлемдегі кез келген телефонмен байланыса алады. Екінші жағынан, сервер Интернетпен байланысқан және әлемдегі кез келген компьютермен байланыса алады. Сервер стандартты телефондық сигналды қабылдайды, оны сандық түрге аударады, айтарлықтай сығады, пакеттерге бөледі және Интернет хаттамасын (ТСР/IP) пайдалану арқылы қабылдаушыға жөнелтеді. Желіден телефондық серверге келген және телефондық желіге бара жатқан пакеттер үшін операция кері тәртіпте орындалады. Құрамдас операциялардың екеуі де бір мезгілде орындалады, бұл өз кезегінде толық дуплекстық сөйлесуді қамтамасыз етеді. Осы негізгі операциялар негізінде неше түрлі конфигурациялар құруға болады. Айталық, телефон- компьютер немесе компьютер-телефон арасындағы қоңырауды бір телефондық сервер қамтамасыз ете алады. Телефон (факс)- телефон (факс) түріндегі байланысын орнату үшін екі сервер керек. Қалааралық (халықаралық) байланыс телефондық серверлердің көмегімен жүзеге асырылады. Қызмет көрсететін ұйымдардың немесе операторлардың қоңырау шалу және қабылдау жоспарланған жерлерде серверлері болуы керек. Ондай байланыстың құны қарапайым телефон желілері арқылы жүзеге асырылатын қоңыраулардың құнынан айтарлықтай төмен. Бұл айырмашылық әсіресе халықаралық қоңыраулар үшін айтарлықтай үлкен. IP-телефонияның сапасы Телефондық желі үлкен жүктеме жағдайларының өзінде байланыстың жоғары деңгейін қамтамасыз ететіндей етіп құрылған, ал IP-телефония, керісінше, байланыс сапасына кепілдік бермейді, үлкен жүктеме жағдайында оның сапасы

айтарлықтай төмендейді. Байланыс сапасын келесі негізгі сипаттамалар бойынша бағалауға болады:

1. Дауыстың бұрмалану деңгейі;
2. Дыбыстық пакеттердің «жоғалу» жиілігі;
3. Бөгелу уақыты (бірінші абоненттің сөзді айтқан және екінші абонент оны естіген уақыт аралығы).

Алғашқы екі сипаттама бойынша қазіргі IP-телефониялық өнімдердің сапасы дауыстың бұрмалануы мен жоғалуына жол беретін алғашқы өнімдерге қарағанда айтарлықтай жақсарды. Бөгелулердің әңгіме қарқынына әсер ететіндігі түсінікті. Сонымен қатар адам үшін 250 миллисекундқа дейінгі бөгелудің байқалмайтындығы да белгілі. Қазіргі IP-телефониялық өнімдер бұл шектен асып кетеді, сондықтан әңгіме жерсеріктік желі арқылы қарапайым телефонмен байланыс орнатуға ұқсас деңгейде өтеді. Ал жерсеріктік желі жағдайындағы байланысты қолданушылар үйренісіп кеткен соң бөгелулер байқалмайтын қанағаттандырылғы деңгейдегі байланыс деп бағалайды. Айта кететін жайт, байланыстың мұндай түрінің өзінде IP- телефония шешімдері көптеген қосымшаларға үйлесе береді. Интернет телефониядағы бөгелістер келесі үш фактордың арқасында азайтуға болады:

1. Біріншіден, телефондық серверлер жетіліп келеді (оларды құрушылар бөгелістермен күресу мақсатында жұмыс алгоритмдерін жақсартуда).
2. Екіншіден, жеке желілер дамуда (олардың иелері өткізу жолағының кеңдігін демек бөгелу мөлшерін басқара алады).
3. Үшіншіден, Интернет желісінің өзі дамып келеді – заманауи Интернет нақты уақыт тәртібінде байланыс орнатуға есептелмеген болатын.

Бейнебайланыс.

Интернеттің жедел дамуы адамзат баласына бір бірімен тек телефон желісі арқылы ғана емес сонымен қатар бейнебайланыс орнатуға мүмкіндік берді. Соның ішінде бейнебайланыс үшін қолданылатын ең танымал программалардың бірі Skype.

**Skype** - дауыстық, бейне қоңырау шалуға мүмкіндік беретін және интернет арқылы чат қызметін қамтыған бағдарламалық жабдық. Skype арқылы басқа қолданушыларға қоңырау шалу тегін, ал стационарлы телефон мен ұялы телефондарға қоңырау шалу қолданушының есеп шотын толтыру арқылы жүзеге асырылады. Skype жедел хат алмасу, файл жіберу және бейнеконференция сияқты функцияларымен қолданушылар арасында кең танылды. 2011 жылдың қыркүйегінде Skype-қа тіркелгендердің саны 929 миллионға жетті. Желінің жұмыс кеңсесі Люксембургта орналасқан Skype Limited арқылы басқарылады. Құрастырушылардың басым бөлігі және барлық қызметкерлердің 44% Эстониядағы Таллинде және Тарту қалаларында орналасқан.

Басқа VoIP қызметтерге қарағанда Skype client–server жүйесі емес, peer-to-peer жүйесі болып табылады. Негізгі атауы да Sky peer-to-peer-ден шыққан.

Ең жоғары емес Интернетке қосылу жылдамдығы жағдайында Жер шарының басқа түпкіріндегі абонентпен байланысудың өзінде байланыс сапасы өте жоғары. Телефондық байланыс орнатудан басқа қарапайым

мәтіндік хаттармен алмасып, файлдар жіберуге болады. Бағдарлама сонымен қатар конференциялық сұхбаттар жүргізуге (25 дыбыстық абонентке дейін), бейнеқоңыраулар шалуға (оның ішінде абонентке дейінгі бейнеконференциялар) болады. Егер әңгімелесушіге бір нәрсе түсіндіру керек болса, веб-камерадағы кескіннің орнына монитордың экранындағы кескінді беруге болады. Skype клиенттік бағдарламалары Windows, Mac OS X, Linux, iOS, Windows Mobile, Google Android, PSP, Symbian басқару жүйелері үшін шығарылған. Компьютерден компьютерге ғана емес, ұялы және стационарлы телефондарға да қоңырау шалуға болады, бірақ бұл ақылы. Бірақ қоңырау шет елде роумингте жүрген адамға шалынатын болса, көп жағдайларда қоңырау шалу құны айтарлықтай арзан. Түрлі елдерге қоңырау шалу құнын Скайптың ресми сайтынан қарауға болады. Қарапайым телефондардан Скайпқа қоңырау шалуға да болады. Егер бағдарламаның интерфейсінде де күрделі ештеңе жоқ. Бірнеше тілдерді қолдайды және басқару элементтерінің барлығы қарапайым. Басқа IP-телефония бағдарламаларымен салыстырғанда Skype мәліметтер жіберу үшін P2P-архитектурасын қолданады. Skype қолданушыларының каталогы Skype желісіндегі қолданушылар компьютерлеріне жүктелген, бұл өз кезегінде өте қымбат тұратын орталықтандырылған серверлерді пайдаланбай-ақ желіні өте үлкен (бүгінде 100 миллионнан астам қолданушы бар, олардың 15-25 миллионнан астамы онлайн) көлемге дейін кеңейтуге мүмкіндік береді. Одан өзге, Skype қоңырауларды басқа қолданушылардың компьютерлері арқылы бағыттай алады. Skype үшін жалғыз орталық элемент қолданушылар тізімі мен сол тізімдердің резервтік көшірмелері сақталған идентификация сервері болып табылады. Орталық сервер байланыс орнату үшін ғана керек. Байланыс орнатылған соң компьютерлер бір-біріне дыбыстық мәліметтерді тікелей (егер олардың арасында тікелей байланыс болса) немесе Skype-дәнекер (супертүйін – сыртқы IP-адресі бар және Skype үшін TCP-порты ашық компьютер) арқылы жібереді. Мысалы, егер бір жергілікті желі ішінде орналасқан екі компьютер өзара Skype-байланыс орнатса, Интернетпен байланысты үзуге болады, бірақ әңгіме қолданушылар оны тоқтатқанға дейін немесе желі ішінде қандай да бір басқа үзіліс орын алғанға дейін жалғасады. Интернет-байланыстың жеткілікті жылдамдығы (30-60 кбит/с) жағдайында көп жағдайларда дауыстың сапасы қарапайым телефондық байланыс сапасына пара-пар. Тұрақты бейнебайланыс орнату үшін интернетке қосылу жылдамдығы 200 кбит/с және процессордың тактілік жылдамдығы ГГц болуы керек. Жеке компьютерлер байланыс орнатылған жағдайда мәліметтер арнайы RSA алгоритмдері бойынша шифрланады. Skype иелерінің ресми мәліметтері бойынша Skype арқылы тасымалданған мәліметтің шифрын ашу немесе оның жолда ұсталуы жағдайлары болмаған және бұл жағдай бойынша арнайы қызметтердің көпшілігі өз наразылықтарын жасырмайды. Skype қолданушыларына дауыстың көмегімен ғана емес, Интернет арқылы қатынарудың дәстүрлі әдісі – мәтіндік хаттар арқылы да сөйлесуге мүмкіндік береді. Skype-чатта топтық чаттар орнатуға, смайлдар жіберуге, әңгіме тарихын сақтауға болады. IM-чаттарда қолданушы профилі, күй индикаторы (статус) және тағы басқа мүмкіндіктер қарастырылған. Сонымен қатар, Skype,

көлеміне қарамастан файлдар тасымалдауға мүмкіндік береді. Скайп қолданатын трафиктің мөлшері Интернет желісіне қосылу жылдамдығы, әңгіменің толықтығы секілді кейбір факторларға байланысты өзгеріп отырады. Қызметтері SkypeOut (телефондарға қоңырау шалу) – әлемнің көптеген елдеріндегі стационарлық және ұялы телефондарға қоңырау шалуға мүмкіндік береді. Байланыс ақысы минут бойынша есептеледі. Тегін номерлерге (АҚШ-тағы +1 800 нөмірі сияқты) қоңырау шалу тегін және оны SkypeOut қызметі үшін төлемеген тұтынушылар қолдана алады. SkypeOut арқылы Skype Lite қосымшасы орнатылған ұялы телефондарға қоңырау шалуға болады. SkypeIn (онлайндық нөмір) – дәстүрлі телефондық желілер қолданушыларынан қоңырау қабылдауға мүмкіндік береді. Ол үшін қатысушы келесі тізімдегі елдердің бірінде телефон нөмірін алады: Австралия, Бразилия, Германия, Дания, Польша, Швеция, Швейцария, Финляндия, Эстония, Франция, Ұлыбритания, АҚШ, Жапония және Гонконг (Қытай). Сіздің нөмеріңізге шалынған қоңыраулардың барлығы Skype-тағы адресіңізге келеді, ал егер шотыңызда қаражатыңыз болса қоңырауды кез-келген басқа нөмірге бағыттауға болады. Телефондық нөмірге бонус ретінде Skype компаниясы нөмірді қолданудың барлық уақытына автожауапбергіш береді. Skype Voicemail (дыбыстық пошта) - 2005 жылдың 10 наурызында іске қосылған қызмет. Қолданушы желіде болмаған кезде келген хаттарды жазуға мүмкіндік береді және автожауапбергіш сияқты жұмыс жасайды. Skype To Go нөмірі – басқа нөмірмен тиімді тариф бойынша байланысу үшін кез келген телефоннан қоңырау шалуға болатын арнайы қатынасу нөмері, бұл жағдайда қаражат Skype есепшотынан алынады. SMS жіберу - Skype бағдарламасынан ұялы телефондарға SMS хаттар жіберу мүмкіндігі.

## **2. Дабыл қағу құралдары**

Қазіргі уақыта күзет объектілерінде техникалық құралдар кеңінен қолданылады. Сигнализация түрлеріне қарап мынадай бөліктерге бөлеміз:

- күзет сигнализациясына байланысты техникалық құралдар;
- өрт сигнализациясына байланысты техникалық құралдар;
- дабыл сигнализациясына байланысты техникалық құралдар;

Күзет объектілерімен өрт сигнализациясы экономикалық тұрғыға байланысты бір жүйеге біріктіріледі, яғни өрт –күзет сигнализациясы деп аталады.

Өрт-күзет сигнализациясы өрт болған кезде және күзет объектілерінде дабыл сигналын беру үшін қолданылады.

Дабыл сигнализациясы банктерді тонау кезінде және басқа да объектілерде ұрлық жасау кезінде дабыл сигналын беру үшін қолданылады, оларды жасырын түрде қондырады.

Дабыл және өрт-күзет сигнализациясы автономды және орталықтандыру болып бөлінеді.

Автономды сигнализация қоғамдық ұйымдарда және баспаналарда дыбыс және түс дабыл сигналын береді. Орталықтандыру сигнализациясы күзет орталықтандыру бөлмелерінде, полиция кезекші бөлімдерде дабыл сигналдарын береді.

Сигнализация құралдарын сезгіштік бөлімдері төрт түрге бөлінеді:

1. Дәлме-дәл сезгіштік. Мұнда кез-келген электрлік байланысты сезетін датчиктер жатады.

2. Желі бойынша сезгіштік. Жіп немесе сым сигналдарынан тұратын датчиктер. Олар желі бойынша бұзақылықтарды қатаң түрде анықтайды.

3. Тегістік

4. Көлемді сезгіштік. Үлкен көлемдегі жер учаскесінің немесе ғимараттардың ұзындығын, енін, биіктігін анықтайтын датчиктер.

Күзет сигнализациясы активті және пассивті болып екіге бөлінеді.

Активті-электрлік және магниттік алаңдарды қоршайтын құрылғы.

Пассивтік-сыртқы алаңда құрылмайтын құрылғы.

### **Күзет сигнализация жүйесінің негізгі элементтері**

Күзет сигнализация құралы функциясының негізгі мазмұны объектілердің өзгерісін қабылдап, байланыс каналдары арқылы ақпарат алу, осы алынған ақпараттарды күзет кезекші бөліміне хабарлау.

Осыған байланысты күзет сигнализациясы төмендегідей мәселелерден тұрады:

-датчик құралдары;

-ақпаратты өңдеу және қабылдау құралы;

-түстер мен дыбыстарды анықтайтын сигналдар.

Датчиктер, мұны объектілерде байланыс каналдары арқылы ақпараттарды алу үшін қондырады.

Ақпарат алу құралы датчикпен қабылдау құралына ақпарат жіберуді қамтамасыз етеді. Ақпарат алу құралдары күзет объектілерінде қалалық телефон желісі, радиотрансляция желісі, электрлік желі, арнайы кабельдер арқылы, сонымен қатар радиоканалдар арқылы қолданылады.

Ақпаратты өңдеу, қабылдау құралдары объектінің жағдайы туралы ақпараттарды қабылдайды, нәтижелерді өңдеп, жедел ақпарат түрінде береді, егерде тәртіп бұзушылық болса, уақытымен орнын көрсетеді.

Түстік және дыбыс сигналдары күзет объектілерінде бұзақылық болса, олар туралы ақпараттарды сигнал түрінде береді. Түстік және дыбыс дабыл

сигналдарында электрлік шамдар қолданылады, (МЗ-1) дауыс ұлғайту қоңырауы, (СС-1)-сирена.

### **Күзет сигнализация жүйесінің әр түрлі негізгі элементтері, құрылысы**

Датчиктердің түрлері: электромеханикалық, жылу, сыйымдылықты, ультрадыбысты, оптика-электрондық, шағын толқынды.

Электромеханикалық датчиктер механикалық қабылдауға әсер ете отырып, электрлік параметрлерін тізбектеу арқылы құрылған. Осы датчиктер (ДК-2,-3; БК-1М және т.б.) өзінің арнайы сөндіру әрекеті есіктерде, терезелерде ұйымдастыру пернелері қондырылған. Датчиктің сымы жіңішке сым ретінде қолданылады. «Паста» ток өткізгіштігі 0,1-0,25 мм алюминдік фольга, үлкендігі 10-12 мм. «Паста» сым және фольгадан тұратын сигнализациясы бояу жаққыш ретінде терезе және есіктерге қолданылады.

Магнитті датчиктер (СМ-1,-2) магниттік сымдардан тұрады, оларды объектілерге қондырады.

Вибрациялық датчиктер механикалық орнын алу және вибрациялық өзгерту осы электрлік сымның параметріне сай келеді. Вибрациялық байланыс датчиктер (УҚД-1, ВМ-12, ДИМК) өзімен бірге пружиналық ұсыну құрылғылары байланыстырады. Соққы бергенде тосқауыл үстіне пайда болу тербелу қысқа уақытта байланыс датчиктер, осылардың барлығы электрленген сымның дабыл сигналы кедергі келтіреді.

Байланыссыз вибрациялық датчиктер – олар электр-магниттік «Вибратор-1», «Громм-1» құрылғылары болып табылады.

Электро-оптикалық датчиктер екі топқа бөлінеді: белсенді және енжарлық. Белсенді электр-оптикалық датчиктер (ФЗУП-М, ДОП-2,-3, Вектор-2-3-4, Рубеж-3м) тұрғын үйлерді оқшаулау үшін қолданылады.

Енжарлық электр-оптикалық датчиктер (Квант-3, Фатон-1, М-24) рұқсатсыз жерлерге кіруге байланысты қондырылады.

Осы көрсетілген датчиктер жеке үй-жайларда, үлкен ғимараттарда, объектілерде қондырылады.

Өрт-қорғаныс сигнализациясы дер кезінде күзет қызметтерін ғимаратқа не оның жеке бөлімдеріне ену, қорғаныс шекарасының бұзылғандығы туралы уақыт, белгілі орын мен фактілерді тіркеу әрекетін хабарлау үшін арналған. Жабық есіктердің ар жағында заттардың қаншалықты құнды болуы, оларды соншалықты ұрлау қаупінің бар болуына әкеледі. Тұрғын үйлерді, кәсіпорындарды, дүкендерді және офистарды тонау, күнделікті сипат алды, және статистика бойынша ұрлау жағдайын көпшілік жағдайда адамның өзі қалыптастырады. Қала сыртындағы үйді қараусыз қалдыру, көп қабатты ғимаратты бақылауына бір ғана күзетшіні қоюы, қорғанбайтын қоймалы ғимараттарды үлкен территорияда орналастыру - осы және басқа да жағдайлар мүлікті тонау себебіне айналуға, ал кейде тіпті адам өміріне қауіп төндіреді. Күзет сигнализациясы жүйесінің міндеті – дер кезінде бөгде адамдардың қорғаныстағы территорияға енуін хабардар ету және оларды ұстауға жәрдемдесу. Қорғаныс жүйелер қорғалатын объект ауданына, тәулік мерзіміне және күзет қызметкерінің немесе ғимарат иегерлерінің болуына тәуелсіз,



тұрғын, офистік, өндіріс ғимараттарына, ішкі және сыртқы периметрлерге тұрақты бақылау жасауға көмектеседі.

### **Қорғаныс сигнализациясының құралдары.**

Қорғаныс және өрт сөндіру сигнал беру үшін келесі құралдарды ұсынады : қорғаныс-өрт сөндіру сигнализациясын орталықтан басқару құралдары, жинақтау құралдары мен қорғаныс- өрт сөндіру сигнализация көрсеткіштері мәліметтерін өңдеу құралдары (қабылдау-бақылау қорғаныс-өрт сөндірулер құрылғылары), сенсорлы құрылғылар - қорғаныс-өрт сөндіру сигнализациясының көрсеткіштері мен хабарламалар.

Отандық мамандар өзіне қолжетімді бақылау жүйесінің цифрлық бейнелеуін, сонымен қатар өндіріс кәсіпорындар, қоймалар, авто жуу және т.б. өрт сөндіру жүйелерін қосатын шағын офистерге арналған сигнализация жүйелерінен бастап, қазіргі заманға сай интегралданған қауіпсіздік жүйесіне дейін, отандық және әлемдегі жетекші өндірушілердің сенімді қорғаныс жүйесін қосады және қондырғыларын орналастырады, жобалайды.

Дара пайдаланушыларға қорғаныс сигнализациясын жобалау және жүйелерді жөндеуін жүзеге асырады :

- қорғаныс сигнализациясы жүйелері күзет қызметтерінің орталық бақылау пультына дабыл белгісін шығаруымен (белгіні мобильді телефонға - gsm сигнализациясы)

- қорғаныс-өрт сөндіру сигнализациясының қиыстырылған жүйелеріне дабыл белгісін әртүрлі орталықтандырылған бақылау пульттарына жіберу.

Қорғаныс қиындықтары әртүрлі топтардың бірлескен пайдаланушыларына арналған қорғаныс сигнализация жүйелерін жобалауын жүзеге асырады:

- қорғаныс сигнализация жүйелерін күзет қызметтеріне (фирмаларға) орталық бақылаудың жергілікті пультына дабыл белгісін шығару. Жағдайларды серверге (ПК) жазу. «Дабыл» белгісімен бақылау камераларын қосу және ұстап алу жүйесін (есіктерді блокировкаға түсіру) активтендіру;

- периметрді территориясының қорғаныс жүйесі (инфрақызыл көрсеткіштер мен түнде жұмыс істейтін камералар, кешендегі бөгеу жүйелері).

Отандық мамандар сапалы және бағасы қымбат емес қорғаныс сигнализацияларын ұсынады. Соның ішінде сирена дабылы қосылғанда автономды қорғаныс жүйелерінің монтажы, объектіде қауіпсіздік жүйелерінің жағдайы туралы sms хабарламаларды жеткізетін мобильді GSM сигнализациясы. Қорғаныс жүйелерінің орнатылған жабдықтарына кепілді және кепілдендіргеннен кейінгі техникалық қызмет көрсету. Қорғаныс жүйесінің (қорғаныс сигнализациясы) негізгі міндеті құқық қорғау органдарын және немесе иегерлерді қорғалатын ғимаратқа заңсыз түрде енгендігін оперативті және кепілді түрде хабардар ету.

Тапсырылған міндетті шешу қорғаныс сигнализациясының қазіргі заманға сай үлкен сенімділікке ие техникалық құралдар көмегімен ғана мүмкін. Қорғаныс сигнализациясы автономды болуы мүмкін – ондай сигнализацияның мақсаты қылмыскерлерді шошыту және қуатты

сиреналардың қолдануымен көршілерді хабарландыру. Бірақ қорғаныс сигнализациясының анағұрлым күшті әсері оны ведомстводан тыс күзет не болмаса қорғалатын жеке кәсіпорынды орталықтан бақылау пультіне белгіні жіберу арқылы жүзеге асады.

GSM-жүйелерінің дабыл хабарламаларын жіберу үшін қорғалатын объектілер иегерлерінің мобильді телефондарына дабыл хабарламалары келуі мүмкін. Қорғаныс сигнализациясы жүйесі Сізді дер кезінде қорғалатын территорияға заңсыз ену туралы және апатты оқиғалар туралы хабарландырады. Сонымен қатар, Сіздің пәтер-үйіңіздің немесе офісіңізге бөгде тұлға заңсыз түрде енсе, алдын-ала көрсетілген номерге телефон шалады. Мәлімет алу үшін – көрсеткіштер қызмет етеді (инфрақызыл және радио жиілігіндегі қозғалыс көрсеткіштері, есіктердің және терезелердің ашылғандығын көрсететін магниттік көрсеткіштері, терезе сынуының акустикалық көрсеткіштері, соққы көрсеткіштері және т.б.), ал базалық блок болып – барлық мәліметтері көрсеткіштерден жиналатын контрольды панельдері жатады. Егер Сіздер үй жануарларын ұстасаңыз, онда қозғалыс көрсеткіштерін үй жануарының қозғалысын елемейтіндей етіп келтіруге болады, бірақ көрсеткіштер адамның пайда болуын әрқашан сенімді тіркей алады.

Қазіргі заман талаптарына сай комбинациялана жабдықталған, дұрыс құрастырылған специфика қорғалатын объектінің барлық мазасыз жағдайларын ескеруге жәрдемдеседі, және де Сіздердің мүлігіңіз бен персоналды қауіпсіздендіреді. Жүйе арнайы көрсеткіштер арқасында су ағымын және газдың шығуын бақылай алады, және де алдын-ала енгізілген бағдарламаға сәйкес белгілі қызметтерді атқаруға басқару және қорғаныс кешенді жүйелеріне атқарушы құрылғыларға команда береді (кранды жабу, сиренаны қосу және т.б.).

Периметральды сигнализация жүйесі өз қорғанысына тек қана ғимаратты емес, сонымен бірге периметр бойынша барлық территорияны да алады. Цифрлік компьютерлік жүйелерді экранға қорғалатын объектінің және әр көрсеткіштің мәліметтерін графикалық жоспар түрінде кескіндейді. Компьютерден қорғанысқа жүйесін қоюға және күзет тәртібін шешуге болады.

Қорғаныс сигнализациялары бейнебақылау жүйелерінің кешенімен қылмыскерлерден және форс-мажорлы жағдайлардан сенімді қалқан жасайды. Қорғаныс сигнализациялары : кез-келген күрделіктегі қорғаныс сигнализация жүйесінің құрамы бірдей техникалық құрылғылардың базасында жасалады.

Күзеттің техникалық мақсаттарын шешкенде ең алдымен өздеріне жүктелген функцияларды қажетті түрде сенімді қамтамасыз ете алатын құрылғылардың негізгі параметрлеріне сүйенеміз. Қорғаныс сигнализациясы жүйесі қорғалатын территорияға заңсыз ену фактілерін тіркейді, дабыл белгілерін күзет пультіне береді, және атқарушы құрылғыларды қосады.

### **3. Дыбыс күшейту құралдары**

ПО қызметінде дыбыс үнін күшейткіш құралдары екі мақсатта қолданылады:

- ішкі мақсат;
- сыртқы мақсат.

Ішкі мақсатта қолдану дегеніміз – хабарламаларды ПО бөлімдеріне және жеке қызметкерлеріне жеткізу.

Сыртқы мақсатта қолдану дегеніміз – хабарламаларды азаматтарға және жеке құқық бұзушыларға жеткізу.

ПО қызметінде дыбыс үнін күшейткіш құралдары мынандай жағдайларда қолданылады:

- ЖІШ жүргізу барысында;
- сапқа тұрғызуда, әмір, бұйрық, тапсырма беру кезінде ;
- дайындық шараларын атқару кезінде;
- қызметкерлерді шұғыл шақыру кезінде;
- қоғамдық орындарда профилактикалық шаралармен құқықтық тәртіп орнатуда (ашық алаңдарда, демалыс орындарында және т.б.);
- әр түрлі қоғамдық шараларды жүргізу кезінде (ереуілдер, спорт жарыстарында және т.б.).

Ішкі істер органдары қызметкерлері өздерінің қызметінде дыбыс үнін күшейткіш құралдарын ПО-ның басқа да арнайы техникалық құралдарымен бірге қосып қолданады. Мысалы: жедел-іздістіру шаралары кезінде, қылмыскерлерді ұстау барысында, түнгі бақылау құралдарымен бірге қолданады. Нормативтік талаптарға сай дыбыс үнін күшейткіш құралдарын арнайы «Черемухаларды» қолдану алдында ескерту беру кезінде де қолданады.

Дыбыс үнін күшейткіш құралдарын қолдану бағыты алуан түрлі, оларды дұрыс қолдана білсе құқықтық тәртіпті сақтауда және қылмыскерлермен күресу жолында ең бір қажетті құралдарының бірі болып табылады.

Сондықтан да дыбыс үнін күшейткіш құралдарын қолдана білу, оны дұрыс қолдануды ПО-ны қызметкерлеріне үйрету біздің басты бір міндетіміз болып саналады. Дыбыс үнін күшейткіш құралдарын қолдану кезінде олардың дұрыс орнатылуын ескеру керек, яғни хабарлама беретін адамымен дыбыс үнін күшейткіш құралдарының ара-қашықтығы, желдің бағыты, рупордың қасында орнатылған әртүрлі дыбыс кедергілері (үйлер, қоршаулар және т.б.)

Ішкі істер органдарының дыбыс үнін күшейткіш құралдары келесі үш түрге бөлінеді:

1. Қолмен тасымалдау түрі;
2. Мобилді, яғни көлікте орнатылған түрі;
3. Стационарлы, яғни тұрақты орнатылған түрі (бөлмелерде, кенселерде, ПО кезекші бөлімдерінде).

Енді ПО-ың дыбыс үнін күшейткіш құралдарының түрлеріне жеке-жеке, қысқаша түсінік бере кетейік.

Бірінші түрі . Дыбыс үнін күшейткіш құралдарының қолмен тасымалдау түріне электромегафондар жатады. Олар шағын қашықтықты дауысты дыбыстарды тарату үшін қолданылады, мысалы: бұйрықтар, тапсырмалар және т.б. Көбінесе ашық алаңдарда және кең жабық объектілерде, спортзалдарда, кенсе сарайларында және т.б. Осы аталған электромегафондар қатарына; - ЭМ-2, 3 ПЭМ-5, 5 ПЭМ – 1 құралдары жатады.

Олардан күшейтіліп шыққан дауысты дыбыстар 100-200 метр қашықтыққа дейін (барады) естіледі.

Бұл электромегафондар келесі негізгі құралдардан тұрады:

1. Микрофон, (ларингофон);
2. Төменгі желісті күшейткіші (ТЖК), (УНЧ);
3. Электрлі дыбыс күшейткіш динамигі;
4. Рупор;
5. Тоқ қайнар көздері.



Сурет 1-3, Электромегафон түрлері: ЭМ-2 , 3 ПЭМ-5 , 5 ПЭМ-1

Екінші түрі. Дыбыс үнін күшейткіш құралдарының мобилді, яғни көлікте орнатылған түрлері көбінесе Ішкі істер органдарының автокөліктерінде, катерларымен тікұшақтарында орнатылады.

Дыбыс үнін күшейткіш құралдарының бұл түрі қысқа уақыт мерзім ішінде бағытталған хабарламаларды тарату үшін пайдаланылады, мысалы: бұйрықтар, тапсырмалар, қысқа ақпараттар және т.б. Қолайлы жағдайларда осы көліктерден күшейтіліп шыққан дауысты дыбыстар 200-300 метр қашықтыққа дейін (жетеді) естіледі. Дыбыс үнін күшейткіш құралдарының мобилді, яғни көлікте орнатылған түрлеріне СГУ-60 атты құралы жатады. Құрамына, жоғарыда айтылғандай, микрофон, төменгі желілікті күшейткіш, динамик, рупор және тоқ қайнар көздері кіреді. Көлемі мен конструкциялық жағынан әр түрлі болып келуі мүмкін, сондықтан да күштілігі де арта түседі. Ерекшеліктері: бірінші, рупор – автокөліктің сыртында орнатылады, екінші, тоқ қайнар көздері автокөліктің «аккумуляторынан» алынады, 12 вольттық, үшінші, динамиктің күштілігі, яғни 100,200 вольттық, немесе одан да жоғары болып келуі мүмкін.

Автокөлікте орнатылғандықтан, дыбыс үнін күшейткіш құралдарын көбінесе «жол полиция» қызметкерлері көп қолданады, мысалы: көлікпен қашқан қылмыскерлерді ұстау кезінде жол полиция қызметкерлері дыбыс үнін күшейткіш құралдарының көмегімен қылмыскерлерді тоқтату үшін бұйрық беріп ескерту шарасын жүргізеді. Ескерту шарасы келесі түрде болуы мүмкін; «Аудио-80» маркалы үкімет номері М 675 КМ жолдын он жақ бетіне тоқтаңыз. Бұндай ескертулер үш рет беріледі, егер оған тоқтамаса және басқа да әрекеттер жетістіктер бермесе соңғы шара ретінде атыс құралы қолданылады немесе көліктерді еріксіз тоқтату құралы қолданылады (ЕМ-М).



Сурет- 1,2. СГУ-60

Үшінші түрі. Дыбыс үнін күшейткіш құралдарының стационарлы, яғни тұрақты орнатылған түрлері көбінесе ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде, мәжіліс залдарында, кеңселерде және т.б. осы сенімді орындарда орнатылады.

Кезекші бөлімдерінде орнатылған дыбыс үнін күшейткіш құралдарының көмегімен барлық ішкі істер органдары бөлімдеріне, кеңсе залдарына хабарламаларды таратуда жағдай жасайды және кез келген ПО қызметкерлерін шұғыл шақыртып алу үшін жағдай туғызады, онда кезекші бөлімнің кезекші офицері арқылы жанағы қызметкерді шақыртады, мысалы: «полиция подполковнигі Есілбаев Сізді институт бастығы шұғыл шақыртып жатыр» немесе ПО-ң қызметкерлерін шұғыл сапқа тұрғызу үшін жинау кезінде де осындай хабарламалар тарату арқылы жүзеге асыруға болады.

Дыбыс үнін күшейткіш құралдарының стационарлы, яғни тұрақты орнатылған түрінің тағы бір ерекшелігі: кезекші бөлімі арқылы таратылатын хабарламаларды алдын-ала дыбыс жазба кассеталарына жазып алып таратуға болады. Бұндай әдістерді көбінесе тарататын хабарламаларды бірнеше рет қайталау керек кезінде қолданады. Бұл әдістерлі автокөліктерден хабарламаларды тарату кезінде де қолдануға болады. Осы стационарлы, яғни тұрақты орнатылған түрінің бірінші және екінші түрінен айырмашылығы, бұнда көлемі жағынан және күші жағынан бірнеше рет артық болатын қондырғылар пайдаланылады, мысалы: күшейткіштермен динамиктердің күштері немесе саны бірнеше рет артық болып келеді.



Сурет 1,2 Стационарлы дыбыс үнін күшейткіш құралдар

Сонымен. Біз ПО-ң дыбыс үнін күшейткіш құралдары туралы ең негізгі деген сұрақтарына жауап беруге тырыстық. Атап айтқанда, олардың атқаратын міндеттеріне тоқтадық, қолдану бағыттарына қысқаша жауап бердік, түрлерімен әдістеріне және ерекшеліктеріне де көңіл аудардық.

#### **4. Жедел қызметтік көліктер**

Енді ПО-ң жедел қызметтік көліктерінің анықтамасына түсінік беріп өтейік.

ПО-ң жедел-қызметтік көліктері дегеніміз – «арнайы шараларды атқару үшін арнайы техникалық құралдарымен (түрлерімен) жабдықталған автокөліктерді айтамыз».

ПО-да жедел-қызметтік көліктері келесі мақсаттарды қамтамасыздандыру үшін қолданылады:

1. Тез арада жедел және тергеу топтарын қылмыс болған орынға жеткізіп, оқиға орнын тексеру үшін;

2. Жол полиция қызметінде көліктермен жолаушылардың қатынасын бақылау үшін;

3. Маскүнемдерді, уақытша ұсталғандар мен қамаудағыларды тасымалдау үшін;

4. Үлкен қалалармен аудандарда жол патруль нарядтарының көмегімен қоғамдық тәртіпті қадағалау үшін;

5. Жоспарланған орындарға тез арада жедел наряд топтарын жеткізу және басқа да тапсырмаларды орындау үшін.

Ішкі істер органдарының іс-тәжірибелік қызметінде жедел қызметтік көліктерді қолдану арқылы шұғыл әрекет жасауға мүмкіндік алды және де жаңа тәсілдермен амалдарды қолдануға жағдай жасады.

Ішкі істер органдарының өзіндік ерекшеліктеріне қарай қылмыстың алдын алу, ашу, жасырынған қылмыскерлерді іздестіру, және қоғамдық тәртіпті сақтау барысында қолдану үшін жедел-қызметтік көліктердің небір түрлерін жасап шығаруға мәжбүр етті, атап айтқанда:

- жедел-қызметтік көліктер арнайы түске боялып өзіндік тану белгілерімен белгіленеді;

- арнайы жедел-қызметтік көліктері конструкциялық жағынан өзгеріп отырады және өзіндік қолдану бағытына байланысты арнайы техникалық құралдардың түрлерімен жабдықталып отырады;

- кейбір жедел-қызметтік көліктерінің түрлеріне проблескалық маяктармен сиреналар орнатылады.

Осы проблескалық маяктармен сиреналарды жедел-қызметтік көліктеріне орнату үшін Қазқастан Республикасы ішкі істер министрлігінің № 316 бұйрығына сай автокөліктермен мотоциклдеріне арнайы жарықты дауысты-дыбысты сигналдарды орнатып қолдануға болады делінген. Бұл бұйрықта, атап айтқанда:

- нақты жағдайларға байланысты көлік жүргізушілері арнайы жарықты дауысты-дыбысты сигналдарды шұғыл тапсырмаларды орындау кезінде қолданады;

- көлік жүргізушілер арнайы жарықты дауысты-дыбысты сигналдарды қолдану кезінде барлық жол қатынастарының қауіпсіздігін сақтау керек, яғни олардың қатысуымен орын алған жол апаттары үшін жауапқа тартылудан босатылмайды;

- шұғыл шараларды орындау барысында арнайы жарықты дауысты-дыбысты сигналдарды шараның басынан аяғына дейін қолдана алады.

Көлік жүргізушілер арнайы жарықты дауысты-дыбысты сигналдарды келесі жағдайларда қолдана алады:

- көше қиылыстарынан өту кезінде және басқа көліктерден озып түсуі үшін;

- шектелген жылдамдықтан асырып жүру кезінде;

- жол қатынасы кезінде көліктер көп болған жағдайда тоқтаусыз және жүрісін қамтамасыздандыру үшін;

- бағдаршам орнатылған бұрылыстардан кедергісіз шұғыл өтіп кетуі үшін;



- көп көліктерді белгіленген жерге дейін жеткізу кезінде сонынан ере жүру үшін;

- эскорттық арнайы көліктердің сонынан ере жүру кезінде.

ПО-да жедел-қызметтік көліктерді қоршаған ортада жүруімен қолдану бағытына қарай 4 топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Жер көліктері (автокөліктер, мотоциклдар);

2. Әуе көліктері (тікұшақтар);

3. Су көліктері (катерлармен қайықтар);

4. Шағыстырылған көліктер (аэросана-амфибия, дөнгелегі желмен үрленген катерлар).

Осы аталған 4 топтың ішінде ПО-да ең көп қолданылатыны, ол жер көліктері. Енді осы жер көліктерінің түрлеріне тоқтала кетелік:

1. Кезекші бөлімінің көліктері;

2. Патруль қызметінің көліктері;

3. Арнайы эскорттық көліктер;

4. Конвой күзет көліктері;

5. Мастықтан айықтыру үшін дәрігерлік көмек көрсету көліктері;

6. Жедел шараларды қамтамасыздандыру көліктері;

7. Тергеу және жедел-іздістіру аппараттарының көліктері;

8. Жол полициясының профилактика жүргізу және жол қатынасын үйрету көліктері;

9. Жедел криминалистика және байланыс бөлімдерінің көліктері.

Енді осы аталған жер көліктерінің түрлеріне қысқаша түсінік беріп кетелік.

1. Кезекші бөлімінің көліктері тез арада, уақытында жедел топты қылмысты оқиға орнына жеткізіп, сол жерде тексеру, қарау жұмыстарын жүргізу үшін арналған. Осы міндеттерді атқару үшін бұл көліктер барлық құралдармен, атап айтқанда әртүрлі арнайы техникалық құралдарының түрлерімен жабдықталған.



Сурет-1. Кезекші бөлімі автокөлігі

2. Патруль қызметінің көліктері қала аумағы және аудан көлемі бойынша бақылау жүргізіп, патруль нарядын қоғамдық тәртіп бұзылған жерге жеткізіп,

тәртіп бұзушыларды кезекші бөлімдерге жеткізу үшін арналған. Патруль қызметінің көліктерін басқару жұмыстары орталықтан атқарылады.



Сурет-2. Патрульдік қызмет автокөлігі

3. Арнайы эскорттық көліктер жол полиция патрулінің авто-мото көліктерінің бір түрі болып саналады.

«Эскорт» - дегеніміз жол полиция қызметкерлерінің көмегімен атқарылатын авто-мото көліктерінің арнайы қызметі. Бұл қызметтің негізгі мақсаты бір немесе бірнеше көліктердің соныға еріп, онда отырған адамдарға сый – құрмет көрсету және оларға қауіпсіз кедергі жасатпай шығарып салу жүктелген. Мысалы: Рим Папасына жол бойы көрсетілген сый-құрмет.



Сурет-1. Арнайы эскорттық көлік

4. Конвой күзет көліктері ұсталған күдіктілерді уақытша ұстау изоляторымен тергеу изоляторына және түзеу мекемелеріне жеткізу үшін

арналған. Конструкциялық жағынан бұл көліктер конвой күзетінің қызметкерлерін ұсталғандардан бөлек жерде отырғызу қарастырылған және тасымалдау кезінде қашып кетпеу үшін шаралар жасалған.

Бас бостандығынан айырылып қамауда отырғандарды тасымалдау үшін «автозак» деген арнайы автокөлік қолданылады.



Сурет-2. Конвой күзет көлігі

5. Мاستықтан айыру үшін дәрігерлік көмек көрсету көліктері осы мекеменің (медвытрезвитель) автокөліктерінің құрамына жатады. Бұл көліктің негізгі мақсаты маскүнемдерге дереу дәрігерлік көмек көрсету және оларды осы мекемеге жеткізіп мاستықтан айықтыру шараларын қолдану.

6. Жедел шараларды қамтамасыздандыру көліктері жедел жағдайдың шиеленісуі кезінде, ереуілдермен спорт шаралары кезінде ІІО-ң қызметкерлерін жоспарланған орынға жеткізіп басқару шараларын жүргізу үшін арналған.



Сурет-1. Жедел шараларды қамтамасыздандыру көлігі

7. Тергеу және жедел-іздестіру аппараттарының көліктері тергеу және жедел-іздестіру қызметкерлерін жедел-іздестіру шараларымен тергеу әрекеттерін жүргізу орнына шұғыл жеткізу үшін арналған арнайы автокөлік.

8. Жол полициясының профилактика жүргізу және жол қатынасын үйрету көліктері жол қатынасының қауіпсіздігі туралы әр түрлі түсіндіру ережелерін (тәртібін) жүргізу үшін арналған үйрету автокөлігі. Сонымен қатар, жол

полиция қызметінде бұл көліктерді «көлік куәлігін» алу үшін емтихан тапсыру кезінде білімдерін тексеру барысында да қолданылады.

9. Жедел криминалистика және байланыс бөлімдерінің көліктері – уақытында профилактикалық және кезекті радиосымды байланыс жүйелерін жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін арналған. Сонымен қатар криминалистика бөлімінің мамандарын қылмыстық оқиға орнына жеткізіп зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін арналған. Соңғы жылдары «криминалистика лабораториясы» деп аталатын арнайы автокөліктер қолданылуда.



Сурет-2. Жедел криминалистика және байланыс бөлімдерінің көліктері

Міне сонымен біз «жер көліктері» туралы қысқаша түсініктеме беріп өттік. Енді «Әуе көліктері» жайында қысқаша түсіндіріп кетейік.

Әуе көліктері. Үлкен қалаларда, үлкен көлік жолдарында қауіпсіздікті қамтамасыздандыру мақсатында және жедел топтарды қылмыстық оқиға орнына немесе қиын-қыстау жерлерге жеткізу үшін әуе көліктерінің ішінен «тікұшақтарды» қолданамыз.

Жол үстінде патрулдік қызмет атқару және бақылау жұмыстарын жүргізу барысында «тік ұшақтың» қызметі 3 әдіспен жүргізіледі:

1. қозғалыста;
2. Маятникті;
3. Еркін іздеу.

1-ші әдіс «Қозғалыста»-деп аталады. Бұл әдістің атқарылу мәні мынада: «Тік ұшақ» алдын ала бекітілген кесте бойынша жол бойына патрулдік бақылау жүргізуге шығады. «Тік ұшақтың» жылдамдығы сағатына 50-70 километр қашықтықты қамтиды.

Осы әдісті қолдану арқылы 3-4 сағат ішінде 200-250 км. жер жүріп автокөліктермен жолаушылардың қатынасын байқап, бақылау жүргізуге болады. Бұл әдісті көбінесе жер көліктермен тығыз қарым-қатынас жасау арқылы жүргізеді.

2-ші әдіс. «Маятникті» - деп аталады. Бұндай әдіс көбінесе жол бойында орын алған қиын жағдайларда қолданылады, әсіресе жол тәртібі бұзылып, жол апаттарын реттеп тәртіпке келтіру.

3-ші әдіс. «Еркін іздеу» -деп аталады. Бұл әдісті қолдану кезінде «тік ұшақ» жүргізушілері қадағалау жұмыстарын еркін қозғалыста жүргізеді, яғни көліктерінің көмегінсіз, өз еріктерімен.

Тік ұшақтардың негізгі қызметі ол жол бойындағы қарым-қатынастарды реттеумен қатар басқа да шараларды атқарады, мысалы:

- жеке көліктермен үлкен колонналарға жол бағыт көрсету;
- жол апаттары болған жерлерге тез арада жедел топтарды жеткізіп, ауыр халдегі адамдарға шұғыл көмек көрсету;
- табиғи апаттармен төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету;
- қылмыскерлердің ізіне түсіп оларды ұстау;
- ұрланған көліктерді іздестіруде және т.б.

Техникалық және тәсілдік мүмкіншілігі жағынан қазіргі кезде патрулдік бақылау жұмыстарын атқару үшін ең қолайлы «тікұшақтар» қатарына «К-26», «МИ-2» маркалары жатады. «К-26» мен «МИ-2» - тік ұшақтардың салоны үлкен, жайлы және алыстағы объектілерді көруге ыңғайлы жасалған. Қосымша жанармайсыз 400 км қашықтыққа дейін баруға болады. Бір сағат ішінде 150 км. жерге барады және жерге қону орын талғамайды.



Сурет-1. «К-26» маркалы тікұшағы

Тік ұшақтар 100 метр биіктіктен бере ала-алатындай дыбыс үнін күшейткіш құралдарымен жабдықталған және радиостанциялар арқылы жер көліктерімен, кезекші бөлімдерімен, жол полиция қызметкерлерімен хабар алмасып байланыс жасай алады. Сонымен қатар тікұшақтардың салонында – жарақат алғандарды тасымалдайтын посылка, дәрігерлік аптека, өртсөндіргіш баллондар және барлық түскен хабарламаларды тіркейтін дыбыс және бейне түнде көру құралдары орнатылған.

Енді «Су көліктері» жайында қысқаша түсінідіріп кетейік.

Су көліктері көп жағдайда мынадай жедел-қызметтік міндеттерді орындау үшін қолданылады, қоғамдық тәртіпті қорғау, жедел топтарды оқиға орнына жеткізу, табиғи ресурстарды және арнайы объектілерді қорғау және т.б. Су көліктерін тиімді қолдану автомобиль жолдары нашар дамыған аудандарда және өзендер жалғыз транспорттық құралы болып табылатын жерлерде, және де материалдық құндылықтар көп жиналған жерлерде-балықтың қымбат тұратын түрлері, уылдырық, алтын т.б. жүзеге асырылады.



Сурет-2. Су полициясының катері

Шағыстырылған көліктер (аэросана-амфибия, дөнгелегі желмен үрленген катерлар).



Сурет-1. Аэросана-амфибия

## **5. Жедел басқару орталығы мен кезекші бөлімдердегі қолданылатын арнайы техникалық құралдар**

ПО Жедел басқару орталығы бірінші рет 2000 жылы Алматы қаласында іске қосылды. Бұл орталық ғылыми-техникалық және компьютер технологиясының жетілген түрлерімен жабдықталды. Сөйтіп, күш пен құралдардың біріккен қосындысы ретінде табылып адаммен техниканың бірігіп жұмыс істеу қабілетін арттыратын ең дамыған жолы болып саналды.

Негізгі бұл орталық полиция қызметінің барлық күштерін біріктіріп басқару үшін құралған. Бүгінгі таңда қала бойынша адамдардың өмірін 50-ден астам бейне камералар қадағалап бақылау жұмысын жүргізуде, ол камералар қаланың ең қиын қиылыстарында, даңғылдарында орнатылған. Бұл камералар 360 градусқа дейін айнала алатындай болғандықтан ол аумақтың барлық жағын көре алатындай жағдай туғызуда, тіпті қажеті болған кезде бақылаудағы объектілерді, заттарды (адамдарды) керегінше жақындатып немесе алыстатып көрсетеді.

ПО Жедел басқару орталығы мен кезекші бөлімдері ПО Жедел штабы болып табылады, сондықтан да оларға қиында күрделі міндеттер жүктелген, сол себепті олар өздерінің қарамағындағы барлық күштермен құралдарды біріктіріп үздіксіз күні-түні жұмыс атқаруда.

Олар тек қана жедел жағдайларға байланысты хабарламалар жинап қана қоймай бақылаудағы барлық аумақтар бойынша қоғамдық тәртіптің бұзылуын және қылмыстың алдын алуда өздері қатысып араласады. Бұл дегеніміз, осы

орын алған оқиғалар бойынша хабарламалар жинау, сараптау, өңдеу, бекіту, тарату және соңында дұрыс шешім қабылдауды талап етеді.

Сондықтанда ПО Жедел басқару орталығы мен кезекші бөлімдеріне келесі міндеттер жүктеледі, олар:

1. Үздіксіз күні-түні жедел жағдайлар туралы келіп түскен хабарламаларды жинап, кезегінше басқармаға жеткізу;

2. Қоғамдық тәртіптің бұзылуы және қылмыскерлер туралы түскен хабарламаларға, табиғи құбылыстармен және басқа да қайғылы оқиғалар бойынша шұғыл әрекеттер жасап жәрдем көрсетіп көмектесу;

3. Кезекші тәулік бойынша қатыстырылған күштермен құралдарды үздіксіз бақылау және қоғамдық тәртіптің бұзылуымен қылмыстарды ашуда шұғыл шаралар қабылдау;

4. ПО бөлімдерімен әрқашанда қарым-қатынаста болу;

5. Әкімшілік мүліктермен объектілердің жағдайын күзетіп бақылау;

6. Қылмыстық оқиға болған жерге барлық полицияның кешенді күштерін жұптастырып жіберу және бақылау;

7. Жедел және тергеу қызметкерлерімен патруль қызметіне Орталық криминалистика хабарламасы (ОКХ) бойынша мәліметтерді беру.

Енді сұрақтың жалғасы ретінде Жедел басқару орталығы қызметінің құрылымымен және кім қандай арнайы техникалық құралдарды қалай қолданып міндеттерін атқаратынын нақтылап түсіндіріп кетейік.

Жедел басқару орталығының құрылымы, оның негізгі міндеттеріне сай құрылған, яғни тез арада полиция қызметкерлері қылмыстық оқиға орынына жетіп, жәбірленушілерге (азаматтарға) көмек көрсету. Тез арада келіп түсіп жатқан хабарламаларды өңдеп дұрыс шешім қабылдау үшін осы орталық бірнеше аймақтарға (зоналарға) бөлінген және әрқайсысы өзінің міндеттерін атқарады.

Жедел басқару орталығының құрылымы:

1. «102» операторы (бірінші аймақ)

2. КҚБТ Жедел басқару орталығы бойынша кезекші офицері, патруль нарядтарының басқару аймағы. (екінші аймақ)

3. Жол полиция басқармасының Жедел басқару орталығы бойынша кезекші офицері (үшінші аймақ).

4. Бейне бақылау операторы (бейне бақылау аймағы)

5. Навигация жүйесінің операторы (навигация немесе бағыттау аймағы)

6. Автоматтандырылған деректер банкісің (АДБ) жинақтайтын оператор (банк деректерінің аймағы).

7. Жедел басқару орталығының аға кезекші офицері (мониторинг, яғни барлық жүйені қадағалау аймағы)

Хабарлама

ЖБО



«102»  
1-ші аймақ

КҚБТ ЖБО  
бойынша кезекші  
офицері. 2-ші  
аймақ

ЖПБ ЖБО КО 3-  
ші аймақ

Бейне бақылау  
4-ші аймақ

Навигация немесе  
бағыттау 5-ші  
аймақ

АДБ жүйесі  
6-шы аймақ

Мониторинг, яғни қадағалау аймағы



Жедел басқару орталығының бейне камералары

**Бірінші аймақ.** Бұл аймаққа хабарламалар «102» ұялы телефондар арнасы бойынша келіп түседі. Осы телефондар арнасы бойынша түскен хабарламалардың барлығы компьютерлерге тіркеліп дыбысжазба құралдарына жазылып сақталады, тіпті белгісіз біреулердің жалған сөздері, яғни жарлығыш заттар туралы хабарламалары, әзілдері және т.б.



102 операторлары

**Екінші аймақ.** Бұл аймақта патруль нарядының қызметтерін басқарады, оны ПООБ-ың Жедел басқару орталығы бойынша кезекші офицері жүргізеді. Компьютер жүйесі бойынша келіп түскен «102» телефон арнасы арқылы алынған хабарламаларды осы аймақтың кезекші офицері патруль экипажына радио байланысы арқылы таратып тез арада қылмыстық оқиға болған жерге жібереді.

**Үшінші аймақ.** Бұл аймақта жол полиция қызметінің күштерін басқару жұмыстары жүргізіледі. Барлық келіп түскен хабарламалар, әдеттегідей өңделеді, бірақ бір ерекшелігі бұнда тек қана жол апаттарына байланысты және ұрланған көліктер туралы оқиғаларға шара қолдану әрекеттері жүргізіледі.


Осы тұрғыда, кезекші офицерлерге қойылатын негізгі талап, ол аз уақыт ішінде тез әрекет жасап шешім қабылдау. Бұл жерде «асықпаған арбамен қоянға жетеді» - деген мақалды қолдану мүмкін емес, себебі оның салдары ауыр қылмыстардың алдын-алу, ашу жолдарын бөгеп жедел жағдайды күрт төмендетіп жібереді және ыңғайлы сәттерді жіберіп алуға әкеп соқтырады. Кезекші офицерлерінің шапшандығының арқасында дұрыс шешім қабылдап ізің суытпай қылмыскерлерді қылмыстық іс үстінде ұстауға жағдай туғызады.

**Төртінші аймақ.** Бұл аймақ бейне бақылау аймағы, ол бейне бақылау оператордың көмегімен басқарылады. «102» немесе топты басқару инспекторына хабарлама түскеннен соң, қала көшелерінде орнатылған бейне камераларды қылмыстық оқиға болған жерге бағыттап қарау әрекеттерін жүргізеді. Бұл бейне камералардан келіп түскен бейне хабарламаларды осы орталықта орнатылған көгілдір экраннан қарап бақылай аламыз.



Сурет-1. Қала көшелері қиылысын камерамен бір уақытта алу

**Бесінші аймақ.** Кезекші офицерлердің жұмысын жеңілдетуде навигация жүйесінің операторы көп көмек көрсетеді, бұнда **электрондық картада** барлық кезекке түскен полиция жасақтарының жүріс-тұрысын бақылап басқару жүргізіледі. Бұл мүмкіншіліктер операторға полиция жасақтарының нақты қай жерде тұрғанын анықтап жақын жерде тұрғанын қылмыстық оқиға орнына жіберуге жағдай жасайды.



Навигация операторының көліктерді GPS бақылауы

**Алтыншы аймақ.** Автоматтандырылған деректер банкісің (АДБ) жинақтайтын аймақта телефон арнасы арқылы жедел-тергеу топтарымен

полиция нарядтарының сұраулары бойынша қылмысты оқиғалар мен объектілер жайында қажетті мәліметтерді алуға болады.

**Жетінші аймақ.** Бұл аймақта барлық орталықтың қызметін қадағалайтын мониторинг жүргізіліп отырады. Жедел басқару орталығының аға кезекші офицері компьютер жүйесі арқылы барлық келіп түскен хабарламалардың қабылдануын, орындалуын қадағалап қажеті болған кезде қиын жағдайларда өзі көмек көрсетіп отырады.

Осы орталықта **төтенше жағдайларға байланысты** әрекет жасайтын аймақ қарастырылған. Бұл аймақ әрқашанда төтенше жағдайларға тойтарыс беруге дайын тұрады және де жедел орталық басқармасының негізгі қызметіне кедергі жасамай жеке дара жұмыс атқарады.

Сонымен қатар, аталған барлық аймақтар орталықтағы мониторларды жақсы көру жерінде орнатылған. Көптеген мониторлардың арасында бір үлкен монитор қойылған.

Кішкентай мониторлар қала көшелерінде орнатылған бейне камералардан бейне хабарламаларды көру үшін арналған. Әдетте бейне камералардың саны мониторларға қарағанда 4-5 есе артық болады.

ПО кезекші бөлімдері ПО негізгі құрылымының бірі болып келеді, сондықтан да кезекші бөлімдерінің Жедел басқарма орталығының қызметінен бөліп тастау мүмкін емес.

ПО-ың кезекші бөлімдерінің қызметі өте күрделі және қиын болғандықтан, олардың қарамағында арнайы техникалық құралдардың жетілген түрлері болуы, міндетті түрде олардың қызметтерін арттыруға бірден-бір үлесін қосады.

ПО-ың кезекші бөлімдерінің негізгі міндеттері, ол күні-түні кезекшілік бақылау жұмыстарын атқарып, келіп түскен хабарламаларды өңдеп оларға баға беріп, тез арада қылмыстың алдын-алуда, ашуда шұғыл әрекеттер жасап қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етеді.

Осындай күрделі де және әр қилы міндеттерді атқару барысында арнайы техникалық құралдардың атқаратын рөлі өте жоғары. Сондықтан да кезекші бөлімдерінің қарамағындағы арнайы техникалық құралдарды осы айтылған міндеттерді атқара алатындай қабілетке жеткізу ПМ-ің негізгі міндеттерінің бірі десек те болады.

ПО-ың кезекші бөлімдерінде арнайы техника құралдарының келесі түрлері қолданылуда:

1. Жедел байланыс құралдары;
2. Жедел қызмет көліктері;
3. Жедел және криминалистикалық техникалар;
4. Анықтама құралдарымен бақылау белгі қою құралдары.

Енді осы аталған арнайы техникалық құралдардың түрлеріне қысқаша тоқтала кетейік:

**1.** ПО-ың кезекші бөлімдеріндегі жедел байланыс құралдары осы қызметтің күштері мен құралдарын жедел басқаруды қамтамасыз ететін негізгі құралдарының бірі болып табылады.


Атап айтсақ, жедел байланыс құралдарының көмегімен келесі міндеттерді атқаруға болады:

- қылмыстық оқиғалар туралы жедел хабарламаларды алу;
- жедел қызметкерлермен басқармаларын қылмыстық оқиғалар жайында хабарлама ету.

Осы міндеттерді атқару үшін әртүрлі пульттер, станциялар, радио және сымды байланыс құралдары қолданылады, олар арқылы ПО бөлімдерімен қызметкерлері арасында байланыс торабын құрып басқару жұмыстарын атқарамыз.



Кезекші бөлімнің қызметтік уақытынан бейне



Жедел басқару орталығының қызметтік уақытынан бейне

2. Келесі негізгі құралдарының бірі ол ПО-ың кезекші бөлімдеріндегі жедел қызметтік көліктері. Жедел қызметтік көліктері ПО-ың қызметкерлерін қылмыстық оқиға болған орынға жеткізіп - қарау, іздестіру және қылмыстың алдын-алу, ашу мақсатында қолданылады.



Жедел қызметтік көлік

3. ПО-ың кезекші бөлімдері қылмыстық оқиға болған орында сапалы қарау жұмыстарын жүргізу табу, бекіту, алу және басқа да дәлелдемелік маңызы бар заттармен бұйымдарды анықтау үшін жедел және криминалистикалық техникаларымен жабдықталған. Олардың қатарында: фотокиносуретке түсіру, бейне және дыбысжазба құралдары және іздеп табу құралдары бар.



Жедел және криминалистикалық техникалар

4. Анықтама құралдарымен бақылау белгі қою жабдықтарына: карталар, магнитті жарықтандыру планшеттары (көшенің, қилыстардың көрінісін белгілейді), стеклограф, магнитті және қыстырмалы фишкілер (күштер мен құралдардың белгіленген орнын көрсетеді) жатады.

Анықтама құралдарына АСУ-деп аталатын (автоматтандырылған анықтама установкисы) жатады, қажетті хабарламалармен ақпараттарды тез арада ізеп тауып білу үшін арналған.

**Арнайы техникалық құралдарды қолдану кезіндегі Жедел басқару орталығы мен кезекші бөлімдерінің жұмыстарын ұйымдастыру.**

Енді келесі сұрақты қарастыру барысында 2014 жылғы 17 шілдедегі № 439 Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел басқару орталықтары мен кезекші бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сай жұмыстарын ұйымдастыру мәселесіне тоқталайық.

Жедел басқару орталығының (ЖБО) кезекші бөлімінің жұмысын тәулік нарядтарының жұмысын бақылауды жүзеге асыратын бастық ұйымдастырады.

ПО бойынша тәулік нарядқа кезекші ауысымынан басқа мыналар кіреді:

1. ЖБО бойынша кезекші офицері;

2. «102» - операторы;
3. Күштер мен құралдарды бақылау тобының инспекторы (ГУСС) (КҚБТ);
4. Бейнебақылау операторы;
5. Инспектор – навигатор;
6. Интеграциялық деректер банкінің (ИДБ) операторы.

Осы ЖБО нарядтары келесі міндеттерді шешеді:

1. ЖБО бойынша кезекші офицер тәулік бойынша кезекші нарядқа басшылық жасайды және бақылайды, оның іс қимылдарын үйлестіреді. Жедел ахуал шиеленіскен жағдайда органның бастығына баяндай отырып, тиісті жедел жоспарларды қолданысқа енгізеді.

2. «102» операторы – телефон арқылы дайындалып жатқан және жасалған қылмыс немесе оқиға жайында **электрондық хабар** алған жағдайда ол туралы толық ақпаратты картаға енгізеді, одан кейін күштер мен құралдарды басқару тобының кезекші инспекторына береді. Қылмыс далада жасалған жағдайда қылмыс жасаған адамдарды анықтау мақсатында алынған ақпаратты бейнебақылау операторына береді.

3. КҚБТ инспекторы - «102» операторынан ақпарат алған жағдайда оқиға болған жерге жақын жердегі полицияның кешенді күштерін жібереді (ПКК): оның уақытылы келуін және оқиға орындағы жұмысын үздіксіз бақылауды жүзеге асырады. Қылмыс туралы хабарлама алған жағдайда қылмыс іздерін анықтау және нақтылау, қылмыскерлерді табу жөніндегі шұғыл іс-қимылдарды жүргізу үшін жедел-тергеу тобын оқиға болған жерге дереу жібереді. Қызметтік нарядтардың күшімен оқиға болған жерді күзетуді ұйымдастырады.

4. Бейнебақылау операторы – ЖБО жедел кезекшісінің КҚБТ-ың инспекторынан көшеде жасалған қылмыс туралы ақпарат алған жағдайда бейнебақылау жүйесінің көмегімен оқиға болған жерге кіретін ауданды қарап, тексеру жүргізеді. Нәтиже оң болған жағдайда ол іздестірілген немесе күдікті адамдардың табылғандары туралы баяндайды.

5. Инспектор - навигатор – GRS жүйесінің көмегімен полиция кешені күштерінің (ПКК) жүйесіне жұмылдырылған автопатруль қызметтерінің және басқа да нарядтардың қызметін үздіксіз қадағалауды жүзеге асырады, олардың орналасқан жерін қызмет көрсетілген аумақтың **электронды картасына** түсіреді, олардың қызмет көрсететін аумақтағы жылдамдықтарын бақылайды. Қылмыс оқиға туралы дабыл алған жағдайда нарядтардың оқиға болған жерге уақытылы келуін бақылауды жүзеге асырады.

6. Интеграциялық деректер банкінің операторы (ИДБ) – жедел-тергеу қызметкерлерінің және патруль нарядтарының оқиға орнынан оларға қажетті адамдар, объектілер мен оқиғалар туралы телефон арқылы беретін сұрау салуларын қабылдайды. Одан кейін ЖБО-ның бағдарламалық қамтамасыз етілуін мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оларға ПО Криминалистикалық ақпарат орталығының деректер банкінен алынған ақпаратты ұсынады.

Кезекші наряд өзге міндеттерді өз құзіретінің шегінде осы көрсетілген ережеге сәйкес орындайды.



Енді ЖБО жұмыстарында арнайы техникалық құралдарды кешенді қолдану кезінде ұйымдастыру сұрақтарына толық тоқтала кетейік.

ЖБО негізгі міндеттерінің нәтижелі аяқталуы көп жағдайларда азаматтардың өздеріне байланысты, яғни арызданушы неғұрлым тез іс-қимыл көрсетсе, соғұрлым оған жедел жәрдем көрсетілетіні сөзсіз.

Ең бірінші, арызданушы «102» телефондарына қоңырау соққанда, ол өзіне не болғанын, қай жерде, қайда тұрғанын хабарлауы тиіс. Осы сәтте полиция нарядтары арызданушының хабарламасы бойынша көмек көрсетуге шығып кетеді, ол «102» операторының сұрауымен мынандай сұрақтарға жауап беруі тиіс, мысалы:

- не болды;
- ерекше белгілері;
- полиция патрулі келгенше қай жерде тұрады;
- аты-жөні;
- телефон нөмірі және т.б.

«102» - операторы барлық түскен хабарламаларды электронды карточкаға автоматтандырылған жүйе бойынша тіркеп отырады.

Тіркеу карточкасы			
Телефон қоңырауы қайдан соғылды			
	№41-41-41	Гоголь көшесі, 3 үй, 45 пәтер, Иванов И.В.	
Арызданушы	Петров И.И. № 42-99-99 Гостело көшесі,		
Оқиға терезесі			
	Ұрлық. Азаматша Петровқа шабул жасалып құнды баскиімін тартып алды. Күдіктінің жасы 20-25-те, ұзын бойлы, толық келген, ұлты азиат, қара түсті былғары куртқа киген.		

Телефонмен сөйлесулер басталысымен тіркеу корточкасының «арызданушы» - деген жолында телефонның нөмірі, қайдан соғылды, аты-жөні және мекен-жайы автоматты түрде анықталады, сосын «102» - операторы «оқиға терезесін» толтыруға кіріседі.

Онда болған оқиғалар жайында толық мәліметтер жазылады, яғни уақыты, орны, жәбірленушінің қал-жағдайы, ұрланған заттар мен бұйымдар, күдіктінің ерекше белгілері, ұлты, жасы, бойы, куәгерлермен, көрген-білгендер жайында және т.б. көрсетіледі. Арызданушы «102» - операторының барлық сұрақтарына қысқаша, түсінікті жауап беруі керек, себебі полиция патрулі осы айталған мәліметтерімен ерекше белгілері арқылы іздестіру жүргізеді.

«102» - операторының қойған сұрақтарына міндетті түрде жауап беру арқылы өтірік оқиғалардың алдын-алуға жағдай туғызады, себебі өздеріңіз білесіздер жалған болмаған оқиғалар жайында, жарылғыш заттар туралы көптеген телефон хабарламалары түсіп текке әуреге салып жатқан жағдайлар да аз емес.

Егер қылмыстық хабарламалар бойынша шұғыл көмек көрсету керек болса, онда **тіркеу карточкасын** толтырып бітпей-ақ полиция нарядын қылмыстық оқиға болған орынға жібере беруге болады.

Сонымен ЖБО-ға келіп түскен хабарламалардың барлығы компьютерге тіркеліп шұғыл түрде орындалуы үшін шаралар қолданылады. Бірақ хабарламалардың барлығы ауыр немесе өте ауыр қылмыстар бола бермейді. Сондықтан да, ауыр немесе өте ауыр қылмыстарды ажырату үшін оларды **категорияларға** бөліп орындау кезегін анықтаймыз.

Сонымен, олар екі түрлі категорияға бөлінеді:

1. Адамның өміріне және денсаулығына қауіп тигізетін қылмыстық оқиғалар;
2. Адамның өміріне және денсаулығына қауіп тигізбейтін қылмыстық оқиғалар.

Егер адамның өміріне және денсаулығына қауіп төнетін оқиғалар болған жағдайда ПББ-ың ЖБО бойынша кезекші офицері, алған хабарламаларды өңдеп оқиға орнына полиция нарядын жібереді, ал егер адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төнбейтін оқиғалар болған жағдайда, бұндай хабарламаларды аудандық ішкі істер орган бөлімдеріне жіберіп, ол жерде ПО-ың кезекші офицері әдеттегідей оқиға орнына полиция нарядын жіберіп, оның орындалуын бақылап отырады.

Жоғарыда айтылған, адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін оқиғалар жайында қысқаша тоқталып кетейік.

Бұл категорияларға: адам өлтіру, қарақшылық, тонау, көлік тонау, бұзақылық жасау секілді қылмыстар жатады.

Осындай оқиғаларға байланысты хабарламаларды өңдеу және шешім қабылдау үшін 1 минут берілсе, оқиға орнына полиция нарядының келіп жетілуіне 3 минуттан 30 минутқа дейін беріледі.

Осы бөлінген уақыт аралығында алынған хабарламалар өңделіп, олар бойынша шешім қабылданбаса ЖБО-ың **мониторинг** жүргізетін аға офицері шұғыл себептерін анықтап шешім қабылдауға көмек көрсетеді.

Өздеріңіз білесіздер, ЖБО-ың қызметі үшін уақыт мөлшері өте маңызды екенін сондықтан да түскен хабарламаларды өңдеп шешім қабылдау үшін барлық шаралар жасалған. Мысалы:

«102» - операторымен арызданушының арасында телефонмен сөйлесулер жүргізу барасында әңгіме арасында кезекші офицермен (көлік) полиция патрульдері қосылу арқылы оқиға орнына тікелей жетуге болады. Осылай тікелей хабарламаларды беру арқылы (көлік) полиция патрулі күдіктінің қашқан бағытын анықтап ізін суытпай ұстауға жағдай туғызады. Енді ЖБО-ың күнделікті өмірінен бір қысқа мысал келтіре кетейік:

2003 жылы 18 ақпан күні сағат кешкі 6-дан 37 минут кеткенде Қарағанды қаласының ЖБО-на ұялы телефон арнасы арқылы «102» - операторына азаматша Петренкодан келесі хабарламалар келіп түсті: Н. Әбдіров көшесі бойынша жұмыстан үйге қарай келе жатқан сәтте, бір жас жігіт күш көрсетіп қол сөмкесін тартып алып «Орталық әмбебап дүкеніне» қарай қашып кетті деді. Сонымен қатар күдіктінің ерекше белгілерін атап көрсетті: толық келген ер жігіт, жасы 20-25-те, бойы 185-190 см., үстінде қоңыр түсті куртка, басында кара түсті тігілген малақай, «Adidas» - атты көк түсті сөмке. Екі минут уақыт өткен соң жаңағы күдіктіні полиция патрулі қолға түсірді.

Күдіктіні ұстау шаралары келесі әрекеттерді атқару кезінде орындалды. «102» - операторына хабарлама түскен бойы, ол автоматты түрде электронды карточкаға жазылып және сонымен қатар жаңағы әңгімелерді (хабарламаларды) бейнебақылау аумағындағы кезекші офицер тындап отырды. Бейнебақылау операторы «Орталық әмбебап дүкені» бағытындағы бейне камералар арқылы жаңағы күдікті адамды көріп бақылап, соңында навигация аумағына жіберді, ол өз тарапынан жаңағы күдікті адамды ұстау үшін полиция нарядын жіберді.

Күдіктіні ұстау кезінде ұрланған заттар мен сөмке алынып қылмыстық іс-әрекеті әшкереленді. Осы мысал көрсетіп отырғандай ЖБО-ың күштері мен құралдарының арқасында осындай жетістікке жеткізіп отырғанын.

ЖБО-ы тағы да басқа қызметтермен тығыз қарым-қатынаста, яғни атап айтқанда: «101», «103», “Төтенше жағдайлар агенттігі”, “Әділет министрлігі”, “Қорғаныс министрлігі”, “ҰҚК” және т.б. сонымен қатар қажеті болған кезде тергеу және жедел-ізвестіру немесе жол-патруль полиция қызметкерлерінің сұрауымен қажетті хабарламаларды сұрастырып алып немесе беріп отырады.

ЖБО-ы арқылы хабарламаларды алу жолдары:

1. Телефон арнасы;
2. Бейне камера бақылауы;
3. Полиция нарядтары (көлік және көше патрульдері);
4. ПО қызметтері (жедел, тергеу, жол полициясы);
5. Сыртқы органдар («ҰҚК», «ТЖА», «103» және т.б.).

Телефон  
арнасы «102»

Бейне  
камера  
бақылауы

Полиция наряды

ЖБО

ПО қызметтері  
(жедел, тергеу, жол  
полициясы)

Сыртқы  
органдар («ҰҚК»,  
«ТЖА», «103» және  
т.б.).

ЖБО-да қолданылатын арнайы техникалық құралдарының түрлері:

1. Байланыс құралдары: радио және сымды байланыстар;
2. Навигация жүйесі;
3. Компьютер және оргтехника;
4. Телефон нөмірін анықтағыштар және т.б.

Енді навигация жүйесінің қызметі туралы қысқаша айта кетейік. Көлік патрульдері арнайы датчиктермен жабдықталған. Жаңағы датчиктерден спутник арқылы жердегі (ЖБО) компьютерлерге хабарлама келіп түседі. Ал компьютерде сол ауданның картасы көрсетілген, сол картада нүкте түрінде жылжымалы көлік патрульдерінің жылдамдығы, бағыты, яғни барлық әрекеттері бақылауға алынған.

## **6. Жол қозғалысын реттейтін арнайы техникалық құралдар**

Біздің Елімізде қолданыста жүрген Қазақстан Республикасы Жол қозғалысының Ережесі 1997 жылы 25 қарашада № 1650 ҚР Үкімет Қаулысында барлық Қазақстан аумағында бағдаршамдардың мағынасы және әртүрлі жағдайларға сай көлік жүргізушілермен жолаушылардың қатынастары анықталған, жол белгілерімен негізгі арнайы техникалық құралдардың қолданудың реттелуін анықтайды. Бұл құжатта: қиылыстардан өту, ретпен тұру, асып озу, тоқтау немесе тұру, көлік жүргізушілерімен жолаушылардың міндеттері әр жағдайға сай барлығына бірдей ортақ реттейтін тәртіпті орнатқан.

Сонымен бұл Ереже жол қозғалысын ұйымдастыруда оның құқықтық негізін құрайды. Ережеде ең бастысы барлық қатысушылардың қауіпсіздігін сақтау талаптары қарастырылған.

Осы Ереженің қағидаларына сәйкес бағдаршамдар мен басқа да белгілермен сызықтардың қойылуы және көше мен жол қозғалысын ұйымдастыру кестесі жасалады.

Енді осы Ереже бойынша жол сызықтарының мағынасына түсінік бере кетейік.

Жол сызықтары – ең қолайлы және бір жағынан жол қозғалысын реттейтін ең тиімді жол таңбасы болып табылады. Өздеріңіз білесіздер көлік

жүргізушілері назарларын көбінесе жолға немесе жол жанындағы қосымша таңбаларға көнілін аударып отыратынын. Сондықтанда көлік жүргізушілердің көзбен көріп отырған «жол сызықтары» жоғары дәрежеде тез қабылданып отырады.

Жол сызықтарын қою әдісі әр түрлі және қиында емес. Жол сызықтарымен көбінесе жаяу өтетін жолаушылардың жолын салады. (зебра) немесе бағдаршамның алдына келіп тоқтау үшін жол сызығын салады (тоқтау-сызығы) және көліктің тұратын орынында жол сызықтарымен салып көрсетеді.

Енді Ереженің талатарына сай «жол белгілерінің» түрлеріне тоқтала кетейік:

1. Ескерту белгілері;
2. Басымдылық белгілері;
3. Тыйым салу белгілері;
4. Алдын ала жазылатын белгілер;
5. Ақпаратты көрсеткіш белгілері;
6. Сервис белгілері;
7. Қосымша ақпарат белгілері.

1. Ескерту белгілері - көлік жүргізушіні алда жақындаған қауіпті ескертіп –хабарлайды және соған байланысты қажетті шара қолдануды ескертеді. Ең бірінші, көлік жүргізуші жылдамдығын азайтып, өзінің көлігінің көлеміне, жүгінің ауырлығына, жолдың ерекшелігіне қарай дұрыс шара қолданып жол қозғалысын тоқтатпауға тырысу керек. Ескерту белгілерінің түрлері:

- 1.1 «Шлагбаумы бар теміржол өтпесі»
- 1.2 «Шлагбаумы жоқ теміржол өтпесі»
- 1.3.1 «Бір жолды теміржол»
- 1.3.2 «Көп жолды теміржол»
- 1.4.1.- 1.4.6. «Теміржол өтпесіне жақындау»
- 1.5. «Трамвай желісімен кесіп өту»
- 1.6. «Тең мағыналы жолды кесіп өту»
- 1.7. «Айналысты қозғалыспен кесіп өту»
- 1.8. «Бағдаршам реттеуі»
- 1.9. «Айырылатын көпір»
- 1.10. «Жағалауға шығу»
- 1.11.1., 1.11.2. «Қауіпті бұрылыс»
- 1.12.1., 1.12.2. «Қауіпті бұрылыстар»
- 1.13. «Тік еңіс»
- 1.14. «Тік өрлеу»
- 1.15. «Тайғақ жол»
- 1.16. «Тегіс емес жол»
- 1.16.1. «Жасанды ойлы-қырлылық»
- 1.17. «Қиыршық тас шашылған»
- 1.18.1.-1.18.3. «Жолдың тарылуы»
- 1.19. «Екіжақты қозғалыс»
- 1.20. «Жаяу жүргінші өтпесі»

- 1.21. «Балалар»
- 1.22. «Велосипед жолымен қиылыс»
- 1.23. «Жол жұмыстары»
- 1.24. «Мал айдау»
- 1.25. «Жабайы хайуанаттар»
- 1.26. «Тас түсу»
- 1.27. «Бүйірден соғатын жел»
- 1.28. «Төмен ұшатын ұшақтар»
- 1.29. «Тоннель»
- 1.30. «Басқа қауіптіліктер»
- 1.31.1., 1.31.2 «Бұрылыс бағыты»
- 1.31.3 «Бұрылыс бағыты»
- 1.31.4., 1.31.5 «Бұрылыстың бағыты»
- 1.32.1, 1.32.2 және 1.32.3 «Кедергіні айналып өту»

2. Басымдылық белгілері – бұл белгі негізгі немесе басты көлік жолдарында орнатылады, ол бірінші немесе екінші, яғни кезекпен-кезек (жүру) қозғалу тәртібін реттейді. Басымдылық белгілерінің түрлері:

- 2.1. «Басты жол»
- 2.2. «Басты жолдың аяқталуы»
- 2.3.1 «Екінші дәрежелі жолмен қиылысу»
- 2.3.2, 2.3.3 «Екінші дәрежелі жолға жанасу»
- 2.4 «Жол беріңіз»
- 2.5 «Аялдамасыз қозғалуға тыйым салынады»
- 2.6 «Қарама-қарсы қозғалыстың басымдылығы»
- 2.7 «Қарама-қарсы қозғалыс алдындағы басымдылық»

3. Тыйым салу белгілері – белгілі бір жол қозғалыстары кезінде қауіпсіздікті сақтау үшін белгілі бір мөлшерде жоқ қозғалысына шектеу қойылып немесе тыйым салынады. Мысалы: «он жаққа жүк автокөлігіне бұрылуға болмайды»... Тыйым салатын белгілердің түрлері:

- 3.1 «Кіруге тыйым салынады»
- 3.2 «Қозғалысқа тыйым салынады»
- 3.3 «Механикалық көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынады»
- 3.4 «Жүк автомобильдерінің қозғалысына тыйым салынады»
- 3.5 «Мотоциклдердің қозғалысына тыйым салынады»
- 3.6 «Тракторлардың қозғалысына тыйым салынады»
- 3.7 «Тіркемелі көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынады»
- 3.8 «Көлік-арба қозғалысына тыйым салынады»
- 3.9 «Велосипедпен қозғалысқа тыйым салынады»
- 3.10 «Жаяу жүргіншілердің қозғалысына тыйым салынады»
- 3.11 «Массаны шектеу»
- 3.12 «Оське түсетін жүктемені шектеу»
- 3.13 «Биіктікті шектеу»
- 3.14 «Енін шектеу»
- 3.15 «Ұзындықты шектеу»
- 3.16 «Ең төменгі аралықты шектеу»

- 3.17 «Кеден»
- 3.17.2 «Қауіптілік»
- 3.18.1 «Оңға бұрылуға тыйым салынады»
- 3.18.2 «Солға бұрылуға тыйым салынады»
- 3.19 «Кері бұрылуға тыйым салынады»
- 3.20 «Басып озуға тыйым салынады»
- 3.21 «Басып озуға тыйым салынатын аймақтың аяқталуы»
- 3.22 «Жүк автомобильдеріне басып озуға тыйым салынады»
- 3.23 «Жүк автомобильдерінің басып озуына тыйым салу аймағының аяқталуы»
- 3.24 «Ең жоғары жылдамдықты шектеу»
- 3.25 «Ең жоғары жылдамдықты шектеу аймағының аяқталуы»
- 3.26 «Дыбыстық сигнал беруге тыйым салынады»
- 3.27 «Аялдауға тыйым салынады»
- 3.28 «Тұруға тыйым салынады»
- 3.29 «Айдың дақ күндері тұруға тыйым салынады»
- 3.30 «Айдың жұп күндері тұруға тыйым салынады»
- 3.31 «Барлық шектеу аймақтарының аяқталуы»
- 3.32 «Көлік құралдарының қауіпті жүкпен қозғалуына тыйым салынады»
- 3.33 «Көлік құралдарының жарылғыш және оңай тұтанатын жүктермен қозғалуына тыйым салынады»

4. Алдын ала жазылатын белгілері – жол қозғалысын міндетті түрде жол белгісінде көрсетілген бағытына қарай автокөлікті бұруға мәжбүр етеді. Алдын ала жазылатын белгілердің түрлері:

- 4.1.1 «Тіке қозғалыс»
- 4.1.2 «Оңға қозғалыс»
- 4.1.3 «Солға қозғалыс»
- 4.1.4 «Тіке немесе оңға қозғалыс»
- 4.1.5 «Тіке немесе солға қозғалыс»
- 4.1.6 «Оңға және солға қозғалыс»
- 4.2.1 «Кедергіні оң жағынан айналып өту»
- 4.2.2 «Кедергіні сол жағынан айналып өту»
- 4.2.3 «Кедергіні оң немесе сол жағынан айналып өту»
- 4.3 «Айналма қозғалыс»
- 4.4 «Жеңіл автомобильдер қозғалысы»
- 4.5 «Велосипед жолы»
- 4.6 «Жаяу жүргіншілер жолы»
- 4.7 «Ең төменгі қозғалысты шектеу»
- 4.8 «Ең төменгі жылдамдықты шектеу аймағының соңы»
- 4.9 «Қауіпті жүгі бар көлік құралдары қозғалысының бағыты».

5. Ақпаратты –көрсеткіш белгілері – жол бойында: қала, аудан, ауыл, өзен немесе басқа да сол сияқты объектілердің орналасқанын хабарлайды. Ақпараттық-көрсеткіштік белгілердің түрлері:

- 5.1 «Автоарна»

- 5.2 «Автоарнаның аяқталуы»
- 5.3 «Автомобильдерге арналған жол»
- 5.4 «Автомобильдерге арналған жолдың аяқталуы»
- 5.5 «Біржақты қозғалыстағы жол»
- 5.6 «Біржақты қозғалыстағы жолдың аяқталуы»
- 5.7.1., 5.7.2 «Жолға біржақты қозғалыспен шығу»
- 5.8.1 «Қозғалыстың жол жолақтары бойынша бағыты»
- 5.8.2 «Қозғалыстың жол жолақтары бойынша бағыттары»
- 5.8.3 «Жол жолағының басталуы»
- 5.8.4 «Жол жолағының басталуы»
- 5.8.5 «Жол жолағының аяқталуы»
- 5.8.6 «Жол жолағының аяқталуы»
- 5.8.7, 5.8.8 «Қозғалыстың жол жолақтары бойынша бағыты»
- 5.9 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жол жолағы»
- 5.10.1 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жол жолағындағы жол»
- 5.10.2, 5.10.3 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жол жолағындағы жолға шығу»
- 5.10.4 «Маршруттық көлік құралдарына арналған жол жолағындағы жолдың аяқталуы»
- 5.11.1 «Айналыс жасауға арналған орын»
- 5.11.2 «Айналыс жасауға арналған белдеу»
- 5.12 «Автобус пен троллейбустың аялдау орны»
- 5.13 «Трамвайдың аялдау орны»
- 5.14 «Жеңіл таксилердің тұрақ орны»
- 5.15 «Тұрақ орны»
- 5.16.1, 5.16.2 «Жаяу өтпе»
- 5.17.1, 5.17.2 «Жер асты жаяу өтпесі»
- 5.17.3, 5.17.4 «Жер үсті жаяу өтпесі»
- 5.18 «Ұсынылатын жылдамдық»
- 5.19.1.- 5.19.3 «Тұйық»
- 5.20.1 «Бағыттардың алдын ала көрсеткіші»
- 5.20.2 «Бағыттардың алдын ала көрсеткіші»
- 5.20.3 «Қозғалыс схемасы»
- 5.21.1 «Бағыт көрсеткіш»
- 5.21.2 «Бағыттар көрсеткіші»
- 5.22 «Елді мекеннің басталуы»
- 5.23 «Елді мекеннің аяқталуы»
- 5.24 «Елді мекеннің басталуы»
- 5.25 «Елді мекеннің аяқталуы»
- 5.26 «Объектінің атауы»
- 5.27 «Арақашықтықтардың көрсеткіші»
- 5.28 «Километрлік белгі»
- 5.29.1, 5.29.2 «Маршруттың нөмірі»
- 5.30.1.-5.30.3 «Жүк автомобильдеріне арналған қозғалыстың бағыты»
- 5.31 «Айналып өту схемасы»



5.32.1-5.32.3 «Айналып өту бағыты»

5.33 «Тоқтау сызығы»

5.34.1, 5.34.2 «Басқа жүргін бөлікке түсудің алдын ала көрсеткіші»

5.35 «Реверсивті қозғалыс»

5.36 «Реверсивті қозғалыстың аяқталуы»

5.37 «Реверсивті қозғалысты жолға шығу»

5.38 «Тұрғын аймақ»

5.39 «Тұрғын аймақтың аяқталуы»

6. Сервис белгілері – жол бойында автокөлік жүргізушіге қажетті әртүрлі объектілердің бар екенін хабар етеді, мысалы: жанармай станциясы, телефон, жуу, асхана, аурухана және т.б. Сервис белгілерінің түрлері:

6.1 «Алғашқы медициналық көмек пункті»

6.2 «Аурухана»

6.3 «Автомай құю станциясы»

6.4 «Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету»

6.5 «Автомобильдерді жуу»

6.6 «Телефон»

6.7 «Тамақтану пункті»

6.8 «Ауыз су»

6.9 «Қонақ үй немесе мотель»

6.10 «Кемпинг»

6.11 «Демалыс орны»

6.12 «Жол полициясы бекеті»

6.13 «Көліктік бақылау бекеті»

7. Қосымша ақпарат белгілері – қолданыстағы жол белгілерінің қолдану уақытын көрсетеді, мысалы: 17.00-ден 12.00-дейін бұл бағытта жүруге болмайды. Қосымша ақпарат белгілерінің түрлері:

7.1.1 «Объектіге дейінгі арақашықтық»

7.1.2 «Объектіге дейінгі арақашықтық»

7.1.3., 7.1.4 «Объектіге дейінгі арақашықтық»

7.2.1 «Қолданылу белдеуі»

7.2.2-7.2.6 «Қолданылу белдеуі»

7.3.1-7.3.3 «Қолданылу бағыттары»

7.4.1-7.4.8 «Көлік құралының түрі»

7.5.1 «Сенбі, жексенбі және мереке күндері»

7.5.2 «Жұмыс күндері»

7.5.3 «Апта күндері»

7.5.4 «Қолданылу уақыты»

7.5.5-7.5.7 «Қолданылу уақыты»

7.6.1-7.6.9 «Көлік құралын тұраққа қоюдың тәсілі»

7.7 «Жұмыс істемейтін двигателі барларға арналған тұрақ»

7.8 «Ақылы қызмет көрсетулер»

7.9 «Тұраққа қоюдың уақыт ұзақтығын шектеу»

7.10 «Автомобильдерді қарауға арналған орын»

7.11 «Толық массаны шектеу»

- 7.12 «Қауіпті жиек»
- 7.13 «Басты жолдың бағыты»
- 7.14 «Қозғалыс жол жолағы»
- 7.15 «Зағип жаяу жүрушілер»
- 7.16 «Ылғалды жабын»
- 7.17 «Мүгедектер»
- 7.18 «Мүгедектерден басқа»
- 7.19 «Қауіпті жүк сыныбы»

Қазіргі жол қозғалысының күрделілігіне байланысты ең тиімді және қолайлы жол тәртібін реттейтін және қауіпсіздікті сақтауда қолданылатын құралдардың бір түрі, ол «бағдаршамдар».

Алғашқы бағдаршам теміржол бойында пайда болды. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшынның инженер-механигі Д.Найт болатын. Ол 1868 жылы Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Алдымен түрлі-түсті сигналдар қайыс берілістің көмегі арқылы өзгертіліп отырды. Сосын аппарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай, бірде газ жарылып, кезекте тұрған полицей қаза болады. Содан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болады.

Бағдаршам тек 1914 жылы Американың Кливленд қаласында, сосын Нью-Йорк, тағы басқа қалаларында қайта пайда болды. Бұл жолы олар электрлі болды. Тек екі түсті ғана, қызыл және жасыл. 1918 жылдан бастап қана үш түс қолдана басталды.

Кеңес Одағы бойынша алғаш рет бағдаршам Мәскеу қаласында 1924 жылы Кузнецк көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысынан орын алды. Бағдаршамдағы түстер бекер таңдап алынбаған. Қызыл түс қауіп ұғымын білдіреді. Сосын бұл түс күндіз де, түнде де, тұман мен жауынды күні де жақсы көрінеді. Жасыл түс қызыл түстен айқын ажыратылады. Сары сигнал- негізі қызыл мен жасыл түстердің арасындағы айырым белгісі.

Қазіргі таңда бұл бағдаршамдардың барлығы автоматты жолмен іске қосылып жұмыс істейді. Барлық елдерде бағдаршамдардың қолдану тәртібі бір үлгілі жүйемен жасалған, яғни, үстінен астына қарай – «қызыл», «сары», «жасыл». Бұндай бағдаршамдарда яғни қызыл – 25-30 сек., сары – 3-5 сек., жасыл – 25-30 сек.

Жол қозғалысын реттейтін «бағдаршамдардың» түрлерін негізі екіге бөлуге болады:

1. автокөліктер бағдаршамы;
2. жаяу жолаушылар бағдаршамы.

Бағдаршамдар көлденен және тік орнатылатын болып келеді және келесі түрлерге бөлінеді:

- үш түсті бағдаршамдар;
- үш түсті қосымша жарықтандырғыштары бар бағдаршамдар;
- үш түсті негізгі жарықтандырғыштарында сілтеме сызық көрсетілген бағдаршамдар;
- арнайы екі түсті бағдаршамдар;

- бір түсті бағдаршамдар;
- жаяу жолаушылар бағдаршамы.

Жылдан-жылға жол көліктерінің санының көбейуіне байланысты жол көлемінің кенейуіне қарай үлкен қалаларда жол қозғалысын реттеу күннен-күнге қиындауда. Соған қарамастан ғылыми-техниканың дамыған заманында бұл мәселені осы саланың мамандары мезгілінде шешуде. Шет елдерінің жол қатынастарын реттеу кезінде қолданылатын арнайы техникалық құралдары біздің елдің және тәуелсіз достықтар мемлекеттерінде қолданылатын арнайы техникалық құралдардан әлде қайда дамыған түрлерін қолданады. Оның себебі де бар, өйткені жол көлемімен автокөліктердің саны біздің елдерге қарағанда бірнеше рет асып түседі. Мысалы: Қазақстан аумағында уақытпен шектелген бағдаршамдар ғана қолданылады, ал шет елдердің көбінде уақытпен және автокөліктердің санымен реттелетін бағдаршамдарды қолданады, яғни автокөліктердің сандарын анықтайтын әр түрлі индуктивті, көлемді және ультрадыбысты датчиктерді (тетіктерді) пайдаланады.

Осындай бағдаршамдар жаяу жолаушылар үшін де қолданылады. Ондай бағдаршамдар келесі принциптер бойынша жұмыс істейді, мысалы: жаяу жолаушы бағдаршамға жақындап келе бергенде оның ішіндегі датчиктер адамның жақындап келгенін сезіп автоматты жолмен жасыл түсті жарықтандырғыш жанады, яғни өтуге болады.

Бұндай принциптер басқа да жағдайларда қолданылуда, мысалы: «Гимермаркет пен Рахат» дүкендерінің есіктері осындай жолмен ашылып жабылады.

Көптеген үлкен қалаларда осы жаңа жол қозғалыстарын реттейтін арнайы техникалық құралдардың түрлерін қолдану арқылы жол автокөліктерінің тәртіптерін жоғарылатуға, жол көліктер апаттарының алын алуға, көліктердің жолдарда көп тұрып қалмауына және жүру жылдамдықтарын көбейтуге жағдай туғызуда.

Арнайы түстік-графикалық схемалар бойынша арнайы түстік және дыбыстық белгілермен жабдықталуға және боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің, көліктің тізбесі.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі
2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жедел қызметі
3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жедел қызметі
4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің жедел қызметі
5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери автомобиль полициясы
6. Авариялық қызмет
7. Медициналық жедел жәрдем қызметі
8. Жеке күзет ұйымдарының ұтқыр жедел ден қою топтары.

## **8. Қорғаудың арнайы құралдары**

Құқық қорғау органдарының қызметінің қызметтік міндеттерін орындау, олардың өмірлері мен денсаулығы үшін қауіп төнумен байланысты. Осыған байланысты олар жұмыстарында арнайы құралдар пайдалануға мәжбүр. Олар оны қолданады, егер де құқық бұзушыларға ескерту әсерінің басқа барлық түрлері пайдаланылып және де қажетті нәтиже бермесе. Құқық қорғау органдарының арнайы құралдарына көтеріңкі көңіл бөлу оларды қолданудың жоғары тиімділігі мен әлеуметтік маңыздылығымен түсіндіріледі. Біздің және шетел баспасының мәліметтері бойынша кеудеше мен дулыға қалпақтан тұратын қорғау жинақтамасы арнайы операция өткізу кезінде жеке құрамға төнетін қауіпті 50-70 пайызға төмендетеді. Кей уақытта киімнің салмағының ауырлығына қарамастан, қызметкер өзін сенімді және қауіпсіз сезінеді.

Жоғарыда айтылғандардан мынандай шешім қабылдауға болады — арнайы құрал бұл ішкі істер орган қызметкерлері және басқа адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрал, сонымен қатар, құқықбұзушыға оның құқыққа қарсы әрекетінің жолын кесу мақсатында белсенді әрекет ете алады.

Арайы құралдарды ҚР нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қолдану керек екендігін есте сақтаған жөн. ҚР «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 59 бабында «Атыс қаруы және өзге де қару, арнаулы құралдар мен дене күшін қолданудың мақсатында» айтылғандай, арнайы құралдар қоғамға қауіпті әрекетті тоқтату, құқықбұзушылықтың сипаты мен нақты ахуалдарды ескере отырып, оны жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу мақсатында пайдаланады, сонымен қатар, осы Заңның 60 бабының 1

тармағында айтылғандай арнайы құралдар төменде көрсетілген жағдайлардан басқа кезде қолдануға шектеу қойылады:

1) Қызметкерлердің дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды, оның ішінде қол кісендерін, резина таяқтарды, көзден жас ағызатын заттарды, алаңдатып әсер ететін жарық-дыбыс құрылғыларын, үй-жайларды ашуға, көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған құрылғыларды, суатқыштарды, қызметтік жануарларды, броньды машиналар мен тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да арнаулы көлік құралдарын:

1) Жеке тұлғаларға, қызметкерлерге және қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылыққа қарсы іс-қимыл бойынша қызметтік немесе қоғамдық борышын атқарып жүрген өзге де адамдарға жасалған шабуылды тойтару;

2) Кепілге алынған адамдарды босату, жаппай тәртіпсіздіктердің және қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың (қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұстаудың белгіленген режимін топтасып бұзушылықтарды), сондай-ақ сотталғандар, күдіктілер және айыпталушылар түзеу мекемелерінен және тергеу изоляторларынан қашқан кездегі немесе қашқандарды ұстау кезіндегі құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу;

3) Жеке тұлғаларға, ұйымдарға және мемлекеттік органдарға тиесілі үйлерге, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына, жер телімдеріне жасалған шабуылды тойтару, сол сияқты оларды басып алудан босату;

4) Егер құқық бұзушылар (сотталғандар, күдіктілер, айыпталушылар және әкімшілік құқық бұзушылық жасағандар) қызметкерлерге, қоғамдық тәртіпті қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқарып жүрген өзге де адамдарға бағынбаса немесе қарсылық көрсетсе, оларды құқық қорғау органдарына жеткізу үшін ұстау үшін, ұсталған, күзет қойылған адамдарды, сондай-ақ әкімшілік қамауға алынған, сотталған, күдікті және айыпталушы адамдарды, не олардың қашып кетуі немесе айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп санауға жеткілікті негіздемелер болса, сондай-ақ қызметкерлердің өздеріне заңмен жүктелген міндеттерді жүзеге асыруына қасақана кедергі келтіретін адамдарға қатысты күзетпен апару және күзету;

5) Қызметкердің өзін-өзі қорғау немесе өзінің отбасының мүшелерін қорғау мақсатында оған және олардың денсаулығына немесе өміріне ауыр зиян келтірудің нақты қаупі төнген кезде шабуылды тойтару;

6) Қажетті қорғаныс, аса қажеттілік

7) Егер бұл құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ егер хаттама жасау мақсатында міндетті болса, оны сол орында жасау мүмкін болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау міндетті болса, құқық бұзушыларды жеткізу үшін қолдануға құқығы бар.

Осы баптың 2-ші тармағында былай көрсетілген:

Айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін шабуыл, топтасқан шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайларды

қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық білініп тұрған адамдарға және жас балаларға қатысты арнаулы құралдар мен жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдануға тыйым салынады.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өз міндеттерін түрлі жағдайларда орындауы, оларды қорғаудың жан-жақты техникалық құралдарын құруды қиындыққа соқтырады. Ғимаратта жасырынған қарулы қылмыскерді ұстау қорғаудың мынадай арнайы құралдарын қажет етеді, бір жағынан бұл шараға қатысушы қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен бірге қылмыскерді ғимараттан кетуге мәжбүрлеу. Басқа да қорғану құралдары топтық немесе жалғыз адамның бұзақылық жасауын болдырмау кезінде қажет болады.

Қоғамдық тәртіпті топтық түрде бұзуды жою үшін, қорғанудың басқа да кешенді арнайы техникалық құралдарын қолдануды талап етеді. Нақты болатын жағдайларға байланысты құқық қорғау органдарының қызметкерлері, олардың қауіпсіздігіне кепілдеме беретін және алға қойылған тапсырманы жедел шешуге жағдай туғызатын осындай қорғану құралын (немесе олардың жиынтығы) алуға мүмкіндікке ие.

Қорғанудың барлық арнайы техникалық құралдары шартты түрде 3 топқа бөлінеді:

1. «Белсенді» қорғау құралы;
2. «Бәсең» қорғау құралы;
3. Арнайы операцияларды қамтамасыз ететін құрал.

**Қорғау құралының бірінші «Белсенді» - тобы,** құқық қорғау қызметкерлерін қорғауға ғана арналмаған, сонымен қатар, құқықбұзушыларға олардың құқыққа қарсы әрекетінің жолын кесу мақсатында белсенді әрекет етуі қажет. Көрсетілген қорғау құралы қару атауымен, ерекше тағайындалған құралмен аталуы мүмкін. Қару дегеніміз шабуыл мен қорғауға арналған техникалық жарақты кез келген құрал, сайман. Бұл қаралатын топқа жататын арнайы техникалық қорғау құралдары қойылған талаптарға сай келеді.

Алайда, оларды қолданудың белсенді бағыттылығын жай мағынада айтылатын «қару» сөзінен айыру қажет. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қорғаудың белсенді құралы, тек аз уақытқа ғана құқықбұзушылардың мақсатты әрекеттерін жүзеге асыру мүмкіндігінен айырады.

Бұл заңдылық қағидаларын сақтауды, қоғамдық тәртіпті бұзған немесе қылмыс жасаған адамдардың өмірі мен денсаулығына келетін зиянын келтірмеуге барынша жол бермеуді сақтауды қамтамасыз етеді.

Қорғаудың белсенді құралының мағынасы құқықбұзушыға жеткілікті дәрежеде адамгершілік, белгілі күш, моральдық және психологиялық әрекетті қамтамасыз ету болып табылады, ауыртпашылық нәтижесі бойынша болымсыздық, аталған құрал пайдаланылған адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға толық кепіл бере отырып, аз уақыт ішінде құқықтық тәртіпті қалпына келтіруге ықпал етеді.

Қорғаудың белсенді құралы тек қана басқа құралдар мен амалдардың құқық бұзушылардың жолын кесуді қамтамасыз ете алмаған жағдайда ғана

қолданылады. Мұндай құралды қоғамдық тәртіпті немесе қылмысты қасақана түрде жасаған адамдарға қолдану қажет. Заңдық қағидаларды мүлтіксіз сақтау құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қорғаудың арнайы техникалық құралдарын қолдануды, аталған бағытты реттейтін күші бар құқықтық норманың талаптарына сәйкес болуын болжайды.

Аталған топқа келесідей қорғау белсенді құралы жатады:

- Арнайы резинка таяғы, кісендер, жалпы атаумен аталатын «Черемуха» арнайы құралы, карабин арнайы құралы.

**Қорғау құралының екінші тобы** — «Бәсең» бұл құқық қорғау органдары қызметінің өмірі мен денсаулығын қорғау үшін арналған, қару үшін қажетті элементі жоқ, олар құқықбұзушыларға белсенді әрекет етуі үшін арналмаған. Бұл топқа келесі құрғаудың бәсең құралдары, яғни жеке қорғау құралы жатады:

Дулығалар: оқтан қорғайтын кеудешелер мен куртқалар: соққыға қарсы және оққа қарсы қалқандар. Оларды қолдануды құқықтың реттелуі ұсақ өңдеулерді талап етпейді және оларды алып жүру құқығы мен мүмкіндігі туралы басымдылық нұсқау беру мәліметімен өңдеулерге қатысты.

Қорғаудың арнайы-техникалық құралдарын пайдалану құқығы полиция қызметкерлері, түзету мекемелері мен тергеу изоляторлары қызметкерлеріне берілген.

Ғимаратта, ұшақта және т.б. жасырынған қарулы қылмыскерлерді ұстауға байланысты жағдайларда, қылмыскердің қоршаған ортадағы бағыттану мүмкіндігінен айыратын психологиялық әрекет ететін жедел-техникалық құралды тиімді қолдану керек. Бұл құрал күшті дыбыстық әсері бар көзді шағылыстыратын жарық береді, одан қарулы қылмыскер көздеп ату және белсенді қорғану мүмкіндігінен айырылады. Мақсатқа сәйкес, қылмыскердің көзін ғана шағылыстырып қоймайды, дыбысқа бағыттала отырып, белсенді әрекет жасау мүмкіндігінен айырады.

Сонымен қатар, арнайы операцияны жүргізу құралдары қарулы қылмыскерді ұстау бойынша операцияны өткізу кезінде, жарлардан өтетін қуыс салу, есік құлыптарын бұзуды, көлікті еріксіз тоқтатуға, жеке құрамды қиын-қыстау ауданға жеткізу, топты басып алуға қозғалысты жабу мүмкіндігін береді.

**Арнайы операцияларды қамтамасыз ететін құралдарға келесі құралдар жатады:** ранцевті аппараттар, жарық шуылдақ граната және құрылғы, шағын жарылғыш құрылғылар, өртке қарсы көлік цистернасы, бронетехникасы, автокөлікті еріксіз тоқтату үшін құрылғы.

Белсенді қорғаныс және арнайы операциямен қамтамасыз ететін құралды қолдану кезінде ұстаным танытқан жөн. Құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің әрекеті, алға қойылған тапсырманың азаматтардың денсаулығына келтірілген шығынның ең аз болуын қатаң түрде өлшеуі қажет.

Белсенді қорғану және арнайы операцияны қамтамасыз ететін құрал, адамдарға өз ана тілдерінде алдын-ала оларға қарсы осы құралдың қолданылуы туралы нақты ескертілгеннен кейін қолданылады. Ескерту дауысталып, ал алыс жерде тұрған немесе көп адамдардан тұратын топқа —

қатты сөйлейтін, сөйлеу ырғағын жоғарылататын құрылғылар 2 реттен кем емес қайталанып айтылады және жауапты реакциялары үшін жеткілікті уақыт беріледі. Құқықбұзушылар жағынан нақты шабуыл болған жағдайда бұл құралдар ескертусіз қолдануға болады.




### **Қорғаудың арнайы құралдарының негізгі мінездемелері**

Бұл сұрақ бойынша арнайы құралдардың негізгі мінездемелері мен оларды қолдану тәртібіне тереңірек қарайық.

#### **1. Қорғаудың «Белсенді» құралы:**

Қазіргі уақытта ішкі істер органына резинка таяқтары ПР-73 түсуде. Олар +40-тан -40С градус температурасында өзінің негізгі қасиетін сақтайды. (серпінділік, мықты, майысқақтық, иілгіштік және т.б.) ПР-73 маркалы таяғы резенкеден жасалады. Таяқтың ұзындығы 650 мм, диаметрі 30,5мм, салмағы шамамен 700 г. Түзету мекемелерінде (ТМ) және тергеу изоляторлары (ТИ) жағдайында резинка таяқтарын қолдануға рұқсатты, түрме, тергеу изоляторының басшылығы, немесе олардың орынбасарлары (бастығының болмау жағдайында) береді.

ПР-89М жетілдірілген жиналатын таяғы жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алу үшін арналған. Ол металлдық тұтқаның арнайы құрылғысының көмегімен қосылған резинка негізі болып табылады. Тұтқаның қуысына шашатын баллон қондырылуы мүмкін, оған рұқсат ету арнайы гайкамен қорғалған. Баллон болмаған кезде оны жиналатын етіп пайдаланады. Төменгі температура әсерін көтереді. Салмағы-1кг, ұзындығы-62см.



Құқық қорғау қызметтерінде қолданыста тұрған ПМ-89М резенке таяқшасы

Жоғарыда көрсетілген адамдардың санкциясымен резина таяқтарын қолдануға тікелей команданы жасақ басшылығы береді. Резина таяқтарын қолданудың нәтижесі туралы, қайда, қашан және кімге қарсы



қолданылғандығы туралы себебі көрсетіле отырып инстанциясы бойынша баяндалады. Резина таяқшаларымен түзету мекемелерінде мыналар қаруланады: басшы және офицерлер құрамы, сонымен қатар, оларды қолдану тәртібін білетін әскери жасақтар. Резина таяқтары түзету мекемелерінің кезекші бөлімінде сақталады. Резина таяқтарын жоғалтқан немесе басқа адамға рұқсатсыз берген немесе оларды заңсыз қолданған жағдайда қызметтік тексеріс жүргізіледі.

Қорғаудың «белсенді» құралының тағы бір түрі, ол кісен (БР бұйымы, БР-С) болып табылады. Олар екі семметриялық металлдық сақина түрінде аралары баумен қосылған. Әрбір сақина екі қолдың арасында еркін айналып, өзін сектор ретінде көрсетеді. Секторлары автоматты түрді жабылып қалады. Сектор мен щектің арасы кілтпен жүзеге асырылады және сектордың шекарасынан, соның көмегімен белгіленіп, сонымен қатар, белгілеу алынып тасталады. Кісеннің кілтсіз салмағы шамамен 300г. Кісенмен қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыскерді айдауылдау және ұстау үшін бөлінген полиция арнайы жасақтары мен патрульдік посттары жабдықталады.



Сурет-1. «БР» кісені



Сурет-1. «БР-С» кісені

Бұл қорғау құралдары қолданылады:

- полиция қызметкерлеріне және қоғамдық өкілге қарсылық көрсеткен кекті бұзақыны ұстау кезінде;

- құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, адамдарға шабуыл жасау, қашуы мүмкін, өзін зақымдау немесе өзіне-өзі қол салып өлтіру қаупі бар қылмыскерді айдауылдаған және ұстаған кезде.

Түзету мекеме жағдайында кісен әскери жасақ пен жедел бөлім қызметкерлерімен қолданылады. Оларды қолдануға өкімді ТМ бастығы, оның орынбасары (көмекшісі), бақылаулар тобының командирі беруге құқылы. Кісен қолданылған адамдардан табиғи апат және олардың аяқ астында сырқаттануы кезінде кісенді шешу туралы нұсқауды да осы адамдар береді. Санитарлық өңдеуден өткен кезде және белгілі орынға айдауылды тапсырғаннан кейін соңында кісен шешіледі.

Кісен сотталғандарға төмендегідей жағдайларда қолданылады:

- түзету мекемелерінің қызметкерлеріне күш көрсету арқылы қарсы шығу, сонымен қатар, сотқарлық көрсеткен кезде;

- дене мүшесін зақымдауға, өзіне-өзі қол жұмсауға әрекет ету;
- сотталғандар мен басқа адамдарға шабуыл жасағанда;
- ату жазалау шарасы қаралған үкім оқылғанда және сол сотталғандарды айдауылдау уақыттарында;
- ұшақта айдауылдағанда;
- сотталған қашқынды ұстағаннан кейін айдауылдауда.

Төмен температурада егер айдауыл жаяу түрде немесе ашық автокөлікте жүзеге асырылатын болса, онда кісен салуды пайдалануға тиым салынады. Сотталғанға кісен қолданудың әрбір жағдайын қызметтік құжатқа жазу жүргізіледі. Сонымен қатар, құқық қорғау органында қаруландыруға бір-бірінен құрылымына қатысты айрымашылығы бар белсенді қорғаудың арнайы құрамының, әрекетке әкелетін әдісінің жеті түрі кіреді. Олардың барлығы бірдей шартты «Черемуха» атауымен аталған. Көрсетілген қорғау құралы түрлерінде көзді жасаурататын хлорацетофенон затында гүлдеген мойыл (черемуха) иісі бар. Оларды әрекетке келтіру әдісі, құрылымдық рәсімдеу амалы, сонымен қатар, құқықбұзушыға көрсететін әрекет мінезі хлорацетофеноннің физико-химиялық және токсикологиялық қасиетімен анықталады.

Мысалы, «Черемуха» қорғаудың арнайы құралының 1,4,5,6 номерлерін құрған кезде негізіне хлорацетафен қасиеті қабылданып, ысытқан кезде қатты күйден газ түріне ауысады, сұйықтан тыс. Газ қысымы пайда болған кезде, айналасындағы ауада салқындап, ұсақ қатты бөлшектерге және улы түтінді бұлтқа айналады. Осыған байланысты адам көзінің шырышты қабығын қатты ауырғанын, тітіркенуін сезінеді. Хлорацетафеннің концентрациялары жоғары болған сайын, оның әсер етуі тиімді болады.

Сонымен, тек көздің шырышты қабығына ғана тиіп қоймай, түшкіру және жөтелуге әкеп соғатын жоғарғы тыныс алу жолдарына да әсер етеді. Хлорацетафеннің ашық терінің бетіне әсер етіп, соның ішінде терлеген және күйген теріде қызару мен күйдіріп, қышу болады. Осылайша, хлорацетафеннің әрекеті бар аумақта қалған адам, лезде белсенді, мақсатты әрекет ету мүмкіндігінен айрылады. Бұл құқық қорғау орган қызметкерлеріне біріншіден, тездетіп тәртіп бұзушының жолын кесуге, екіншіден құқықбұзушыны ұстау, оған заңда қаралған шара қолдану үшін сәйкес бөлімшеге жеткізуге мүмкіндік береді.

«Черемуха» қорғаудың арнайы құралды, күші бар нормативтік актіге сәйкес, осы құрал қолданылған адамдардың өмірі мен денсаулық шығынын болдырмай қолданылуы қажет. Көздің шырышты қабаты мен жоғарғы тыныс алу жолдарының тітіркенуі адамның улы түтінді бұлттан шыққасын бірнеше минуттан кейін ізсіз жоғалады.

Қорғаудың арнайы құралын ойдағыдай қолдану жағдайларының біреуі, олардың тактика-техникалық мәліметтерін жақсы білу болып табылады. Олардың ерекшеліктеріне қысқаша тоқталайық.

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха-1»** бұл қолмен әрекет ететін картонды цилиндр түрінде орындалатын газдық граната. Ол ашық жерлерде газды түтіндік бұлттың көзді ашытатын заттарының шыдатпайтын

концентрациясын құруға арналған. Салмағы- 250-270 г, ұзындығы-135мм, диаметр-47мм, түтінқұру уақыты-10-20с. Түтінді бұлттың аумағы- 30x350м, тереңдігі- 250м. Өрт қаупі бар.

Жарылғыш снарядты көп адамдар шоғырланған жерге лақтыруға болмайды, олай құқықбұзушыны ұстауға болмайды. Гранатаны әрекетке келтіру үшін қабығын жұлу қажет.

Сонымен «Черемуха-1» құралын мүмкіндігінше құқықбұзушылармен 20-30м арақашықтықтан болғанда әрекет ету керек. Егерде қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда жарылғыш снарядты қызметкердің бақылауындағы бір жерге жасыру, немесе басқа «Черемуха» қорғаудың арнайы құралын қолданған жөн. Қажет болған кезде гранатаны қолда ұстап тұруға болады. Бұл үшін қызметкер желге жанымен тұрып, қолын созып гранатаны ұстап тұрады. Улы түтінінің бұлты желмен ұшып, қызметкерге тимей құқықбұзушыларға барады.

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха-2», «Черемуха-3»** - газдық патрондар, қазіргі уақытта өндірісте жасалмайды және ішкі істер органдарына жеткізілмейді. Барлық қалған заттар қолданылған кезде өндірістен алынуы мүмкін.

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха-4»** картондық гильза негізінде патрон түрінде орындалған, оған металлды контейнер мен оқ-дәрі қуаты орналасқан. Патрон салмағы 60г, калибр-26мм, хлорацетофенон салмағы-10г, ұшу ұзақтығы-165м, түтін құру уақыты-8-10с, түтінді бұлттың аумағы- 10x200м. СПШ немесе СП-81 дабыл пистолетімен қолданылады.

«Черемуха-4» 26мм дабыл пистолет көмегімен атылады. Жоғарғы күштің көмегімен атылғаннан кейін, пистолет ұңғысынан контейнерді лақтыру қамтамасыз етіледі. Контейнерлердің ұшу уақытында баяуланған құрам жанады, ол хлорацетафеннің 3-4с қысымды ұстауын қамтамасыз етеді. Контейнердің алысқа ұшуы, ату өндірісіндегі бұрышына байланысты.

Ұзаққа ұшуға (165м) кепіл 30-45 градустағы бұрышпен атылған кезде беріледі. Қаралатын қорғау құралы тек қана ашық жерде қолданылады. Оны ғимараттарда қолдануға төмендегі себептерге байланысты шектеу қойылады. Контейнер пистолеттен үлкен бастапқы жылдамдықта лақтырылады. Өйткені, контейнерде едәуір салмақ бар, ол оны үлкен ыңғайлы күші бар аса қауіпті етеді, құқықбұзушыға тікелей тиетініне және оған ауыр жарақат салатынына күмән жоқ.

Сонымен қатар, «Черемуха-4» ғимаратта жақын дистанциядан ату, контейнердің жануы ұшқын арқылы жүргізіледі, соған байланысты өртену болып, келеңсіз жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін.

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха -5»** — «Черемуха -4» сияқты картон гильзасына орналастырылған контейнері бар металлды цилиндр ретінде көрсетеді. Оның негізгі айырмашылығы әрекетті қолмен жүзеге асыруға арналған.

«Черемуха -5» сырты жүйесі процесінде жоғарғы температураға дейін қызып, контейнерден шығатын хлорацетофенонның газтүріндегі ағысының

реактивті күші, соңында тәртіпсіздікті, бейберекетсіздік қозғалыс жасатады, «Черемуха -5» құқықбұзушыларды ұстау мүмкіндігінен шектейді.

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха -6»** қолдың газдық гранатасы. Салмағы-82г. Улы ауаның таралу аумағы -40x200м. Оның негізгі сыртқы беті — пластмассадан болады. Егер аталған қорғау құралын қолда ұстап тұру керек болса, негізгі сыртқы бетіне металлды тұтқасын жасауға болады.

«Черемуха -6» жиынтығына металлдан жасалған шүмек те кіреді. Оның көмегімен түтінді кәдімгі есіктің немесе терезе тесігіне бағыттауға болады. «Черемуха -6» ашық жердегі сияқты ғимаратта да қолданылады.




«Черемуха -6»

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха -7»** калибрі 23мм патрон түрінде орындалған. Салмағы-50г, түтін құру уақыты 3-5с, белсенді заттың салмағы-25г. Арнайы карабин КС-23 көмегімен атылады. Көздеп ату қашықтығы-100м, магазинге 3 патрон сияды, алысқа ұшу қашықтығы-650м. 150 м.дейін қашықтықта патрон контейнері 2 терезені теседі, 40-50м. қашықтықта 30мм. ағаш қалқанды немесе 1мм темірді теседі. Бұл құрал ғимараттардың ішінде көздеп атып газдық бұлтты құру үшін арналған.



«Черемуха -7»



Арнайы карабин КС-23

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха -10»** аэрозольдық орауыш түрінде жасалған. Ол хлорацетофенон мен френом ерітіндімен толтырылған баллоннан тұрады. Баллонның ішіндегіні шығаруды қамтамасыз ететін баллонның түбінде көп қысым болады. Соған байланысты бұл құралды

қолданғанда құқықбұзушыға қарай жасаурататын газдық затын бағыттап бүркігіш басын басу керек.

«Черемуха -10» көшеде қолданған сияқты ғимаратта да, аз адамдардан тұратын топтарға немесе жалғыз құқықбұзушыға қолданылады. Қолайлы метеорологиялық жағдайда немесе ғимаратта, құқықбұзушыға ерітіндіні қарқынды жіберу үшін, міндетті түрде адамның бетіне 40-76 см-ден бағыттау керек. 2-3 с аралығында.

**Қорғаудың арнайы құралы «Черемуха -12»** күштілігі жоғары арнайы газдық граната, ол ашық жерлерде көзді ашытатын заттардың өлшемі 1000 м2 газдытүтінді бұлттың төзгісіз концентрациясын құруға арналған. Ол пиротехникалық құраммен қамтамасыз етіледі және әрекетке оталғыш-капсюла үккішімен келтіріледі. Гранаталар қолмен 30м. жерге дейін лақтырылады. Жаппай тәртіпсіздіктер кезінде қолданылады. Салмағы-550г, калибрі-82мм, биіктігі-150мм, таралу уақыты-4с, газды бөлу уақыты-10с.

Қорғаудың арнайы құралы құқық қорғау органдарында орталықтандырылған: оларды кезекші бөлімдерінде сақтайды.

Аталған қорғау құралын сақтауды түзету мекемесіндегі колония бастығының кезекші көмекшісінің бөлмесінде емес, тек түзету мекемесінің объектасын күзетуді жүзеге асыратын әскери бөлімшелерде рұқсат етіледі.

Қорғаудың «Черемуха» арнайы құралының барының есебі мен шығыны белгілі формалы жорналда тіркеледі. Онда бұл қорғау құралын қолдануға кім және қашан рұқсат етті, кім және қашан берді, кім оны алды және саны қанша екендігі туралы жазылады.

«Черемуха» қорғауының арнайы құралы қару қолдануы мүмкін жағдайда және де басқа құралдар мен амалдарды қолдана отырып, құқықтық тәртіпті қалпына келтіре алмаған жағдайда қолданылады. Аталған қорғау құралын пайдалану жөнінде, оны пайдаланатын адамды алдын-ала ескерту қажет.

«Черемуха» қорғаудың арнайы құралы оларды қолданумен байланысты қауіпсіздік шараларын сақтауға сәйкес жүзеге асырылатын әртүрлі қару болып табылады. Оларды балаларға, әйелдерге, мүгедектік белгілері бар адамдарға, қарттарға және шетел азаматтарына қолдануға шектеу қойылады. Оларды мектептерде, бала-бақшаларда, емдеу мекемелерінде, шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдерімен айналысатын ғимараттарда қолдануға тиым салынады.

Сонымен қатар, оларды жарылғыш және оңай жанатын заттар тұрған ғимараттарда пайдалануға болмайды. «Черемуха 1-4-5» өрт пен апат алдын алу үшін көлік құралдарында тастауға болмайды. Қиын жағдайда, хлорацетофенонмен зақымдалу (ұзақ уақыт улы түтін бұлттында болу) кезінде жақын жердегі медициналық мекемеге көмек алуға бару керек.

## **2. Қорғаудың «бәсең» құралы.**

Қорғау дулығасының, қалқанның, кеудешенің тактико-техникалық мәліметі және оларды қолдану ережелері. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері қорғаудың «белсенді» құралын пайдаланумен қатар, қылмыстық көрініс пен қоғамдық тәртіпті қасақана түрде бұзудың алдын алу

кезінде міндетті түрде «бәсен» құралы немесе қажетті қорғау қолданылуы қажет. Оларға мыналар жатады:

- басты қорғайтын дулыға және каска;
- адамның сыртқы денесі мен басын қорғауға арналған жеңіл қалқандар;
- адамның белі мен шабы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қорғау кеудешелері;

Қорғаудың «бәсен құралы» екі негізгі талапқа жауапты болуы керек:

- адамды сенімді қорғауды қамтамасыз ету;
- адамның қозғалысын теңселтпей, ыңғайлылық пен ең жеңіл болуы керек.

Алайда бұл талаптардың біріне толық сәйкестігі екіншісіне зиян келтіруі мүмкін. Сонымен, адамның белін оқты қарудан сенімді қорғау, жеңілдетілген қорғау құралдарын қолдануды жоққа шығарады, өйткені олар оқтар мен оқ-дәрі бытырасына қарсы тұра алмайды.

Адамды суық қарудан қорғау жағдайы қажет болған кезде жағдай басқаша болуы мүмкін. Бұл жерде қорғаудың жеңіл құралдарын қолдану қажет, олар адамның қозғалысын шектемей, қажетті қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сәйкесінше жеке қорғау құралдарын өңдеу кезінде міндетті түрде айқындаушы фактор ретінде шабуыл қаруын ескеру қажет. Әрбір нақты жағдайда қорғау құралын дұрыс таңдау үшін, олардың тактико-техникалық мәліметтері мен қорғау мінездемесін қатаң білу қажет.

#### **Қорғаудың «бәсен» құралының негізгі мінездемесі.**

Басты таяқпен, металл темірлерімен, тастармен, бөтелкелермен және де басқа заттармен ұрудан сақтау үшін касканың екі түрі болады: әскери болат және беттің айқын көрінетін пластмассасымен жабатыны бар арнайы пластмассалық каска. Екі касканың ішінде амортизацияланған басқа соққы жұмсақ тиетін құрылғысы бар.

**Әскери болат каскасы** оқ ататын қарудан, граната мен минаның ұсақ ұшқындарынан, таяқпен ұрудан, тас ұшқындары мен металл темірлерінен қорғайды. Салмағы – 1,4кг. Үздіксіз кию уақыты-8 сағатқа дейін.

**КП-80 беттің айқын көрінетін пластмассасымен жабатыны бар арнайы пластмассалық каскасы**, таяқпен, таспен соғудан сақтайды.12 м арақашықтан атудан және бытырадан қорғайды. Салмағы – 1,2 кг.

**Арнайы титан дулығасы «Сфера»** пистолет және револьвер оғынан, граната мен мина ұшқындарынан, сонымен қатар, таяқ, тас, металл темірлерімен соғудан қорғайды. Салмағы-2,6 кг.



Арнайы титан дулығасы «Сфера»

Адамды әртүрлі заттардан сенімді қорғау **пластмассалық қалқанның** арқасында жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта құқық қорғау органдары чехославтық өндірістегі арғы жағы айқын көрінетін пластмассалық қалқандармен қаруландырылған. Қалқан соққыға шыдамды «макролон» пластмассасынан жасалған. Ол иректетілген қатты қабырғадан тұрады және оның жоғарғы жағында көруге ыңғайлы 350\*250мм өлшемді тегіс жері бар. Қорғану қалқаны қарсы жақтағы адамның қолындағы 150мм затты 150 м арақашықтан көру үшін арғы жағы айқын көрінетін материалдан жасалынған. Қалқан тоқтату үшін төмендегі құрылғымен жабдықталған:

Сол қол білегіне ілетін және қолдың басымен ұстау үшін жасалған тұтқа; Соққы кезінде қолды зақымдамас үшін қалқанда амортизациялық қабаты бар.

**«Маска-1» алмалы жабатыны бар оққа қарсы дулығасы** қаруланған қылмыскерлерді ұстау үшін арнайы қызметтермен жүргізілген шаралар кезінде қолданылады. Ол басты оқтың барлық түрінен қорғайды. Алмалы демфирикалық қабығымен және тез ілгектелетін бекіткіштермен жабдықталған. Наушниктер және микрофондарды қолдану қарастырылған. Салмағы-3,5 кг. Үздіксіз кию уақыты-4 сағатқа дейін.



Сурет-1. «Маска-1» алмалы жабатыны бар оққа қарсы дулығасы

**«Маска-2» соққыға қарсы қорғау дулығасы** басты таяқ соққылары, тастар және басқа заттардан қорғауға арналған. Тез ілгектелетін бекіткіштермен жабдықталған және поликорбинаттан жасалған көтергіші бар. Ішкі демфирикалық қабығы ылғалды тазартуға жатады. Дулығаның желке жағына демфирикалық соққыға қарсы қабығынан былғары түрінде орындалған бармица бекітіледі. Дулыға ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің арнайы бөлімшелерімен қолданылады. Салмағы-3,5 кг. Үздіксіз кию уақыты-8 сағатқа дейін.



«Маска-2» соққыға қарсы қорғау дулығысы

**Бел мен шапты суық қарудан қорғауға жеңіл қорғау кеудешесі (ЖҚК-74) арналған.** Ол капрон матасымен қапталған, екі бірдей металлдан жасалған дискіден (алюмений ерітіндісінен) тұрады. Салмағы-3,5 кг. Үздіксіз кию уақыты-8 сағатқа дейін. Дискілер олардың арасынан суық қару оғының өту мүмкіндігін шектеу үшін бір-бірін жауып тұрады. Кеудеше конструктивті екі бөлімшеден тұрады — арқа және кеуде. Шап кеудешенің ішкі жағында орналасқан жапсырмаларға тағылып қажет болған жағдайда шешілетін алжапқыштармен жабылады. Иықшалар кеудешеге «Велкро» қарсы ілгектерімен және жапсырмалармен бекітілген. Жаға жұмыс жағдайында көтеріліп тұруы қажет, ал оның шеттері жапсырмалармен жабыстырылады.

**Титандық қорғау кеудешелері (ТҚК-71) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін әртүрлі оқ ататын қарудан сақтау қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін арналған.** Салмағы-10,5 кг. Үздіксіз кию уақыты-6 сағатқа дейін.

ТҚК-71 барлық маркілі пистолеттер мен спорттық, аңшы қаруларынан және суық қарулардан сенімді қорғайды. Кеудеше кеудені, ішті, қабырғаларды, арқаны және шапты қорғайды. Ол арқа мен кеуде бөліктеріне арналып, блоктарға жапсырмалармен бекітілген қалыңдығы 3мм титан пластинасынан тұратын металлдық қаңқадан тұрады. Блоктар адамдардың еркін иілу үшін майыстырылатын және оларға капрон матасынан қалталар жасалынған. Арқадағы жоғарғы және төменгі және кеуде тұсындағы төменгі екі қалталар бекітілмеген, сол себептен олар көлденеңнен араласып кетуі мүмкін. Кеудешелер бір өлшемде дайындалады:

Кеудеше жиынтығына кеудешенің ішкі амортизациялық паралоннан жасалған, сырты капрон матасымен тігілген кеудешесінен тұрады. Кеудеше ішкі жағының металл түрі адамның қорғалатын денесімен тікелей байланыста болады және динамикалық соққыны жеңілдетеді. Байқау уақытында оқтың металлдық пластинкасына соғылуы кезінде адамның өмірі мен денсаулығына тигізетін зияны байқалды.

Мысалы, адамның кеудеше іші жоқ кеуде қорғауын киген адамның жүрек тұсына аңшы қаруымен атқан жағдайда, жүректің бұлшық еттерінің қызметі



бұзылып, жүрек соғуы 2 минутқа тоқтайды. ТҚК-71 кеудеше ішімен киген жағдайда ғана адамның қауіпсіздігіне кепіл беріледі. Мойынды (ұйқы безін, көмейді) сақтау үшін паралоннан жасалып, сырты капрон матасымен тігілген мойындық кию қажет. Ол ТҚК-71 жиынтығына кіреді және ол оқтың ұшқынынан сақтау үшін қажет. Әрбір кеудеше арқасының жоғарғы жағынан маркіленеді. Маркасында индексі мен зауыттық нөмірі көрсетіледі. Кеуде қорғауы мен кеудеше және мойындық сөмкесіде осылай маркіленеді. Кеудешелер желдетілген құрғақ 0-дан +30 градустағы жерде сақталуы қажет.

**«Кора-1» жасырын киюге арналған кеудешелер** калибрі 5,6; 6,35; 9,0; 11,43 мм пистолет оқтарынан қорғауға және автоматтың сүңгі пышақтарының найзалап соғуынан арналған. Арқа мен кеудеден құралады, иығы мен бүйірінде «Контакт» бекіткішімен қосылады. Бүйірлері жабылған. Кеудеше жоғары қауіпсіздігімен және пайдалануда ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Салмағы- 2,3 кг. Үздіксіз кию уақыты-10 сағатқа дейін.

**«Кора-1М» жасырын киюге арналған кеудешелер** калибрі 5,6; 6,35; 9,0; 11,43 мм пистолет оқтарынан қорғауға және автоматтың сүңгі пышақтарының найзалап соғуынан арналған. Кеуде мен арқаның арнайы қалталарына салынатын аумағы 270x300мм болатын темір баллистикалық панельдер қорғауды қосымша қамтамасыз етеді және кеуде клеткалары органдарын жарақаттарын алуды азайту мүмкіндігін қарастырады. Панельдер екі түрде жасалады. Біріншісі пистолеттің барлық түрлерінен атылған оқты қорғауды қамтамасыз етсе, екіншісі- АК, АКМ автоматтары оқтарынан қорғайды. Салмағы- 2,3 кг. Кеудешелердің қосымша жиынтығының салмағы 1 түрі-5,1 кг, 2 түрі-7,9 кг. Үздіксіз кию уақыты-10 сағатқа дейін.



Сурет-1. «Кора-1М»

**«Кора-2» әмбебап кеудешелері** кеуде мен арқа түрінде орындалған, олар бір-бірімен иықтарында «Контакт» тоқымалы бекіткішімен қосылған. Кеуде мен арқа темірден жасалған баллистикалық пластиналар мен матаны тасымалдаушы қалталардан және демфирикалық қабат қаптарынан құралған. Қаптар ылғалды тазарту мен жууға берілуі мүмкін. Темірден жасалған баллистикалық пластиналар екі түрде жасалады. Біріншісі пистолеттің барлық түрлерінен атылған оқты қорғауды қамтамасыз етсе, екіншісі- АК, АКМ автоматтары оқтарынан қорғайды. Баллистикалық пластиналары бар орта кеудешелердің салмағы 1 түрі-10кг, 2 түрі -14 кг. Үздіксіз кию уақыты-4-6 сағатқа дейін.

**«Кора-3» жасырын киюге арналған жеңіл кеудешелер** кеуде мен арқа түрінде орындалған, олар бір-бірімен иықтарында «Контакт» тоқымалы бекіткішімен қосылған. Бүйірлері жабылған. Бүйірлерді реттеу 2 белдікпен жүзеге асырылады және тоқымалы бекіткішпен бекітіледі. Кеуде мен арқа қаптар мен матаны тасымалдаушы қалталардан құралған, оған алюминийлік қоспадан жасалған баллистикалық пластиналар мен аумағы 100x100 мм. пластмассалар салынады, ол цилиндрлік формада болуы мүмкін. Пластиналар денені суық қарудан қорғауға арналған. Салмағы- 3,0 кг. Үздіксіз кию уақыты- 8 сағатқа дейін.

**«Мираж» оқтан қорғайтын куртка** пистолет, револьвер, тегіс ұңғылы аңшы қаруынан жасалған обрез оқтары мен суық қарудан қорғайды. ПМ пистолеті оғынан немесе суық қарудан қолды қорғауға да арналған. Салмағы- 12 кг. Үздіксіз кию уақыты-4 сағатқа дейін.

**«Щиток» соққыға қарсы қорғау жиынтығы** құқықтық тәртіпті күзететін арнайы мақсаттағы жеке құрамды соққылар мен суық қарудан қорғауға арналған. Жиынтық құрамы: «Кора-3» кеудешесі, «Витраж-М» соққыға қарсы қалқан, «Маска-2» соққыға қарсы дулыға, «Щиток» соққыға қарсы аяқты қорғау құралы, «Перчатка» бұйымы, «ПР-90» таяғы, «Вуаль» бұйымы, арнайы бәтіңкелер, жиналатын сумка. Салмағы-17 кг, габариттік аумағы жиналған күйде- 800x600x400мм.




Сурет-1. «Щиток» соққыға қарсы қорғау жиынтығы

**«Витраж» соққыға қарсы қалқаны** металлдық заттар, таяқ, металлдық сымдар соққыларынан қорғайды. Салмағы-3+0,5 кг. Үздіксіз кию уақыты-8 сағатқа дейін.



Сурет-1. «Витраж» соққыға қарсы қалқаны

**«БЗТ-75» броньды қалқан** пистолет, револьвер, тегіс ұңғылы аңшы қаруынан жасалған обреза оқтары мен суық қарудан қорғайды. Салмағы-4,5 кг. Үздіксіз кию уақыты-4 сағатқа дейін.



Сурет-2. «БЩ-82» броньды қалқаны

**«БЩ-82» броньды қалқаны** пистолет, револьвер, тегіс ұңғылы аңшы қаруы, АКМ, АК-74 автомат оқтарынан қорғауға арналған. Салмағы-18 кг. Үздіксіз кию уақыты-2 сағатқа дейін.

**«Забор» броньды қалқаны** пистолет, револьвер, мылтық, АКМ, АК-74 автомат, М16 винтовка оқтарынан қорғауға арналған. Салмағы-35 кг. Үздіксіз кию уақыты-1 сағатқа дейін.

**«Перчатка» арнайы тоқылған перчаткасы** қолды суық қару кесуінен қорғауға арналған. Сымнан, ТСВМДЖ жібінен және эластик капронынан құралған құрамдастырылған жіпті тоқитын перчатка автоматтарында дайындалады. Салмағы-0,3 кг. Габариттік аумағы-90x300 мм.



Сурет-3. «Перчатка» арнайы тоқылған перчаткасы

### **3. Арнайы операцияларды құралдармен қамтамасыз ету.**

Аталған топқа төмендегілер жатады:

- «Облако» ранцевті аппараты;
- «Заря» және «Пламя» жарықтық дыбыс құрылғылары;
- «Факел» арнайы гранатасы.
- «Ключ» және «Импульс» азгабариттік жарылғыш құрылғылар;
- «АЦ-40» өрт сөндіру көлігінің цистернасы
- «БТР, БМД, БРДМ, БМП» бронтехникалары
- «Еж-М» автокөлікті еріксіз тоқтату құрылғысы.

«Облако» ранцевті аппараты ашық жерлерде көзді жасаурататын заттарды ұнтақ түрінде немесе сұйықтық препараттарды шашу үшін арналған.

Ұнтақпен үздіксіз жұмыс жасау уақыты-1 мин, сұйықтықпен- 8 мин, резервуар сыйымдылығы-15 л, салмағы-8 кг, өңделетін аумақ-15000 м<sup>2</sup>.Аппаратты әскери жағдайға келтіру үшін чекті тартып, пиротехникалық шашкілер мен оталғыштарды салу қажет, сыйымдылықты арнайы құраммен толтыру керек.Қолдану туралы команда түскеннен кейін чекті тарту қажет, 30с. кейін аппарат жұмысқа дайын болады. Құрамды шашу тұтқаның қондырмасын басу жолы арқылы жүргізіледі. Сұйықтықты шашу үшін аппарат бір шашкімен жабдықталады, ұнтақ түрінде- үш шашкімен. Аппаратпен жұмысты жүргізу үшін жеке қорғану құралдарын пайдалану қажет (Л-1 костюмі, противогаз). Жұмыс біткеннен кейін дегазация жүргізіледі.



Сурет-1. «Облако» ранцевті аппараты

«Заря» жарықтық дыбыс гранаталары құқықбұзушыларға күшті жарық және акустикалық импульсты психофизиологиялық әсер ету үшін арналған. Диаметрі-64мм, салмағы-180г, жарық күші-30х10 кд, 10м қашықтықтағы дыбыстық әсер ету деңгейі- 172 дБ, таралу уақыты-3,5с, тиімді әрекет ету радиусы- 10м, қолданудағы қауіпсіз жер-2м. Өртенгіш-капсюланың үккішін тартқаннан кейін лақтыру жүргізіледі. Гранатаны әрекетке келтіру үшін тез қимылдап, шерту пайда болғанға дейін өртенгіш-капсюланың үккішін тарту қажет. Лақтыруды тез арада жүргізу керек, өйткені жарылыс 3-5с.арасында жүргізіледі. Гранаттың жарылуы жарықтың жарқылдауы мен күшті дыбыстық эффектпен қоса жүргізіледі.



Сурет-1. «Заря» жарықтық дыбыс гранатасы

«Пламя» жарықтық дыбыстық құрылғысы құқықбұзушыларға күшті жарық және акустикалық импульсты психофизиологиялық әсер ету үшін арналған. Диаметрі-75мм, салмағы-200г, жарық күші- 60x10 кд, 15м қашықтықтағы дыбыстық әсер ету деңгейі- 170 дБ, иімді әрекет ету радиусы- 15м, қолданудағы қауіпсіз жер-2м. Тікелей қолданатын орында құрылғыны дайындау барысында қабығын алып электротұтанғышты электрикалық шынжырға сымдарын қосады. Құрылғыны әрекетке келтіру оталғышқа 0,5 А ток күшін қамтамасыз ететін үнемі кернеуді келтіру арқылы жүргізіледі.



Сурет-2. «Пламя» жарықтық дыбыстық құрылғысы

«Факел» арнайы гранатасы. Диаметрі-90мм, ұзындығы-150мм, жарықтық-дыбыстық элементтер саны-9, салмағы-0,8 кг, жарықтық-дыбыстық элементтің лақтыру қашықтығы-15м, таралу уақыты-2,5с.



Сурет-3. «Факел» арнайы гранатасы

«Факел» кассеттік жарықтық дыбыстық гранатасы аperiodтық іске қосылу элементі мен «Факел-салон» бір элементтік жарықтық-дыбыстық гранатасы құқық бұзушыларға психофизиологиялық әсер етуге арналған. Қарулы қылмыскерлерді ұстауға байланысты арнайы шараларды жүргізу кезінде, жаппай тәртіпсіздіктердің алдын алуға байланысты қолданады. «Факел-салон» гранатасы шектелген кеңістіктегі ғимараттарда қолданылуы мүмкін. Диаметрі-32мм, ұзындығы-120мм, жарықтық-дыбыстық элементтер саны-1, салмағы-0,25 кг, жарықтық-дыбыстық элементтің лақтыру қашықтығы-15м, таралу уақыты-2,5с. Гранаттар өртке қауіпсіз, жарқыншағы жоқ.



Сурет-1. «Факел» кассеттік жарықтық дыбыстық гранатасы

«Ключ» азгабариттік жарылғыш құрылғылары есіктерде диаметрі 180мм саңылауды жедел түрде тесу үшін және қалыңдығы 60мм болатын ағаш қалқан беріктігіне сәйкес келетін бөгеттерді тесу үшін арналған. Кепілге алынғандар отырған ғимараттарда қолдануға тыйым салынады. Құрылғыда флегматизирленген гексоген пайдаланылады, ол электродетанатор немесе оталғыш трубкамен қолданылады. Оны жұмысқа дайындау үшін трубканың шет жағынан пломбасын алу керек, қосылатын стакандарды парафиннен тазартып, құралды нық қондыру керек, ұзыннан жатқан оське бағыттау керек. Жабысқақ лента немесе пластилин көмегімен бөгеттерге құрылғыны орнату қажет.



Сурет-2. «Ключ» азгабариттік жарылғыш құрылғысы

«Импульс» азгабариттік жарылғыш құрылғылары транспорттық құралдарда шұғыл түрде саңылауларды тесу үшін және қалыңдығы 8мм темірден жасалған бөгеттерді жедел түрде тесу үшін арналған. Құрылғының ұзындығы-25см.Кепілге алынғандар отырған ғимараттарда қолдануға тыйым салынады.Ол эластикалық жарылғыш материалдан құралған тік бұрышты кесілген шнур болып табылады, сырты фторопластық пленкамен оралған. Құрылғыны жәшіктен алып, полиэтилен қабығынан шығарып, лентаны жайып фторопластық пленканы алу керек. Бөгеттердің жоғарғы жағына қойылған пішінге жабыстыру қажет. Қуатта ұзындығы 40-50мм турасынан кесіп, гильзаны капсуль-детонаторға салып, қуатты қоршау керек. Жарылу жасырын орыннан жүргізіледі.



Сурет-1. «Импульс» азгабариттік жарылғыш құрылғы

«Ключ» пен «Импульсты» электрикалық тәсілмен жарған кезде электродетонатор сымдарының ұштарын жарылу машинкасына немесе токтың басқа қайнар көзіне қосу қажет. Ату тәсілімен жару кезінде шнурды жағып, ол жанғаннан кейін жасырын орынға кету керек.

«АЦ-40» өрт сөндіру көлігінің цистернасы көпшіліктің қатысуымен болған тәртіпсіздікті бөлу үшін және өрт ошақтарын жою үшін арналған. Қысым- 6 атм, цистерна сыйымдылығы-4м<sup>3</sup>, су шығыны-40 ат күші. Өрт сөндіру машиналарының саны тәртіпсіздіктерге қатысушылардың санымен анықталады (бір машина 20-30м). Қарсы температура кезінде қолдануға тыйым салынады.

БТР-60ПБ – төртостық (сегіз доңғалақты) бронетранспортер барлық доңғалағы басты жүргізетін жүзетін машина, саны 10 адамнан тұратын мотожаяу әскерін және арнайы құралдарды тасу үшін арналған. Шосседегі қозғалыс жылдамдығы- 80км/сағ, суда- 9-10 км/сағ. Габариттік мөлшері: ұзындығы-7м 22см, ені-2м 82см, биіктігі-2м 40см. ПКТ және КПВТ пулеметтері орналасқан. Радиостанциямен жабдықталған.

БМД-1- әскери-десант машинасы шынжыр табан жүзу машинасы 10 адамнан тұратын десантты және арнайы құралдарды тасу үшін арналған.

Шосседегі қозғалыс жылдамдығы- 61км/сағ, суда- 9-10 км/сағ. Габариттік мөлшері: ұзындығы-5м 40см, ені-2м 63см, биіктігі-1м 97см. 2 ПКТ пулеметтерімен және 73мм тегіс ұңғылы жартылай автоматтық қарумен жабдықталған. Радиостанциямен жабдықталған.


БРДМ- әскери-барлау шолғын машинасы- 2 доңғалақты жүзу машинасы, 6 адамнан тұратын десант пен арнайы құралдарды тасу үшін арналған. Шосседегі қозғалыс жылдамдығы- 80км/сағ, суда- 9-10 км/сағ. Габариттік мөлшері: ұзындығы-5м 20см, ені-1м 88см, биіктігі-1м 60см. ПКТ және КПВТ пулеметтері орналасқан. Радиостанциямен жабдықталған.

БМП әскери пехота машинасы- шынжыр табан машинасы 10 адамнан тұратын жаяу әскер мен арнайы құралдарды тасу үшін арналған. Шосседегі қозғалыс жылдамдығы- 61км/сағ. Габариттік мөлшері: ұзындығы-6м 20см, ені-2м 63см, биіктігі-2м 20см. 2 ПКТ пулеметтерімен және 73мм тегіс ұңғылы жартылай автоматтық қарумен жабдықталған. Радиостанциямен жабдықталған.

«Еж-М» автотранспорттық құралдарды еріксіз тоқтатуға арналған құрылғы, ішіне ауа толтырылған шиналары бар кіші және орта жүк

көтергіштері бар барлық автотранспорттық құралдарды тоқтатуға арналған. Салмағы-13 кг, ұзындығы-7м, ені-0,131м. Қойылған контейнерді ашып, құрылғыны алып оны жол төсенішіне жаю керек, элементтердің түйрейтін жағы тоқтатылатын автотранспорттардың қарсы алдынан қойылуы керек.

«Диана» автотранспорттық құралдарды еріксіз тоқтатуға арналған құрылғы, ішіне ауа толтырылған шиналары бар қатты топырақты және шосселік жолдарда жеңіл және жүк машиналарын шұғыл түрде тоқтатуға арналған. Салмағы-15 кг, ұзындығы-7,5 м, ені- 0,131м, бұдырлардың ара қашықтығы- 0,1м, әрекетті қосу уақыты-5с.



Сурет-1. «Диана» автотранспорттық құралы



## Қорытынды

Осымен «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі арнайы техника» атты оқу құралын қысқаша түсінікті түрде авторлар жазып кеткен. Бұл еңбекте «ПО Арнайы техника» пәнінің жалпы бөліміндегі барлық тақырыптар толығымен қамтылып, нақты түсіндірілген. Атап айтқанда «Байланыс құралдары», «Дабыл құралдары», «Дыбыс күшейту құралдары», «Жедел-қызметтік көліктер», «ЖБО мен ПО кезекші бөлімдеріндегі қолданылатын арнайы техника құралдары», «Жол қозғалысын реттейтін техникалық құралдар», «ПО қорғанудың арнайы құралдары» сол тақырыптарда көзделген мәліметтер мен ақпараттар жедел және ыңғайлы, түсінікті түрде жазылған. Оқу құралы ауқымды, ыңғайлы. Авторлар бұл оқу құралын жазу барысында өте көп еңбектенгені көрініп тұр.

Онымен қоса бұл оқу құралында қарастырылған мәселелер ПО қызметі барысында кеңінен қолданылатын, маңызды тақырыптарды қамтыған.

Оқу құралының қарастырған тақырыбы өте өзекті мәселелерді қарастырған. Оқу құралының өзектілігі қазіргі заманғы технологиялар мен техниканың сағат санап дамуына байланысты болып отыр. Қазақстан Республикасы ІІМ қолданысындағы арнайы техникалық құралдар туралы түсінік пен оларды қолдану тәсілдерінің теориялық ақпарат беретін оқу құралдары қазіргі таңда өте аз. Сол себепті бұл оқу құралы бұл жағдайда өте маңызды болып тұр.

Сол себепті «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі арнайы техника» оқу құралын жоғары оқу орындары оқытушылары мен курсанттарға, және де құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметкерлеріне ұсынуға болады.

## Пайдаланылған қайнар көздері:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, «Жеті жарғы», 30.08.1995 ж., ҚР Заңымен 02.02.2011 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылы 23 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңы. 199-V, Астана, ҚР Заңымен 02.11.2015 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
3. Қазақстан Республикасының 1994 жылы 15 қыркүйектегі «Жедел-іздікестіру қызметі туралы» Заңы. ҚР Заңымен 04.07.2014 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – 03.07.2014 ж., № 226-V, ҚР Заңымен 13.11.2015 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық- процестік кодексі. – 04.07.2014 ж., № 231-V, ҚР Заңымен 13.11.2015 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
6. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі 05.07.2014 ж., № 235-V, ҚР Заңымен 13.11.2015 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
7. Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі» туралы Заңы, 06.01.2011ж., № 380-IV, ҚР Заңымен 13.11.2015 жылы өзгертулер және толықтырулар енгізілген.
8. Безруков А.Д. Некоторые проблемы нормативного регулирования применения технических средств в оперативно-розыскной деятельности органов внутренних дел. // Материалы научно-практической конференции "Основные направления реформы конституционного, уголовного, уголовно- процессуального, уголовно-исполнительного права: проблемы и суждения" :Алматынская высшая школа МВД Республики Казахстан - Алматы, 1992г.
9. ҚР ПМ № 439 17.07.2014 ж. бұйрығы « ҚР ПО кезекші бөлім мен ЖБО қызметін ұйымдастыру жөніндегі Тәртібін бекіту туралы».
10. ҚР Заңы «Байланыс туралы» 05.07.2004 ж. № 567-II.
11. ҚР Үкіметінің «Өрт қауіпсіздік Ережесі» туралы Қаулысы. № 11077 09.10.2014 ж.
12. ҚР Үкіметінің 16.01.2009 ж. № 14 «Техникалық регламент, өрт қауіпсіздігіне жалпы талаптар» туралы Қаулысы.
13. ҚР Үкіметінің 29.06.2008 ж. № 796 «Техникалық регламент, бөлме ғимараттары мен құрылыстарын автоматтандырылған өрт дабылы жүйесімен жабдықтау және өрт кезінде адамдарды көшіруді басқару» туралы Қаулысы.
14. РД 78.145-93 МВД России. Системы и комплексы охранной, пожарной и охранно-пожарной сигнализации. Правила производства и приемки работ. М. НИЦ «Охрана», 1993 г.
15. РД 78.36.006-2005 ГУВО МВД России. Рекомендации по выбору и применению технических средств охранно-пожарной сигнализации и средств

инженерно-технической укреплённости для оборудования объектов. М. НИЦ «Охрана», 2005 г.

16. Шагнев А.И. Устройства и системы охранно-пожарной сигнализации. Минск. УП «Технопринт», 2002 г.

17. ҚР ПМ № 316- 1992 ж. бұйрығы «Автомобильдер мен мотоциклдерге қондырылған арнайы түстік және дыбыстық дабылдарды қолдану тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы».

18. Қазақстан Республикасы ПМ № 336 «Арлан» арнайы мақсаттағы бөлімше туралы» бұйрығы. 06.07.2006 ж.

19. Қазақстан Республикасы ПМ № 475 ҚР ПО патрульдік-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы Ережені бекіту туралы бұйрығы. 05.06.2002 ж.

20. Қазақстан Республикасы ПМ № 145 «Жылдам қимылдау арнайы отрядтары» туралы бұйрығы. 22.03.2003 ж.

21. Каталог оперативно-служебных транспортных средств ОВД. Москва-1989г.

22. Е.Султанбаев, К.Ш.Исанов. Действия ОВД при чрезвычайных ситуациях, Алматы-1995г.

23.Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелері. ҚР Үкіметінің 1997 жылғы 25 қарашадағы № 1650 қаулысы.

## **Оқу құралы**

### **Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары жүйесіндегі арнайы техника**

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты С.И.Қаракүшевтің редакторлығымен.

Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының типографиясында басылды. Ақтөбе қаласы.